Аттестаттаудың II кезеңіне құжаттарын тапсырған педагогтер: А.С.Имамбекова педагог-шебер санатына, Б.А.Абдиканова педагог-зерттеуші санатына, А.А.Кокырова, Т.П.Жумалиева, З.Х.Каригулова, Н.Ж.Кудабаев педагог-сарапшы санатына, И.С.Абдраманова, Г.Ж. Сағатбек, Ж.С.Омарова педагог-модератор санатына.

Тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссияларының шешіміне сәйкес төмендегі мұғалімдерге тиісті санат берілді:

№	Педагогтың аты - жөні	Пәні	Пед. өтілі	Білім беру ұйымының педагогикалық кеңес хаттамасы шешімінің күні, айы, жылы, №	Өтініш берген біліктілік санаты	Бекітілген біліктілік санаты
1	Абдиканова Балжан Аскербековна	биология пәні мұғалімі	17	29.03.2022 жыл, № 7	педагог-зерттеуші	педагог-сарапшы
2	Кокырова Асель Асанбековна	қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі (орыс тілінде оқитын сыныптарда)	11	29.03.2022 жыл, № 7	педагог-сарапшы	педагог-сарапшы
3	Каригулова Замира Халилаевна	дене шынықтыру пәні мұғалімі	12	29.03.2022 жыл, № 7	педагог-сарапшы	педагог-сарапшы
4	Жумалиева Тургангул Пиралиевна	химия және биология пәні мұғалімі	17	29.03.2022 жыл, № 7	педагог-сарапшы	педагог-сарапшы
5	Кудабаев Нуртилек Жакупович	дене шынықтыру пәні мұғалімі	14	29.03.2022 жыл, № 7	педагог-сарапшы	педагог-модератор
6	Абдраманова Индира Сапарбековна	ағылшын тілі пәні мұғалімі	9	29.03.2022 жыл, № 7	педагог-модератор	педагог-модератор
7	Сағатбек Гүлназым Жаркынқызы	бастауыш сынып мұғалімі	2	29.03.2022 жыл, № 7	педагог-модератор	педагог-модератор
8	Омарова Жәния Серікбайқызы	бастауыш сынып мұғалімі	2	29.03.2022 жыл, № 7	педагог-модератор	педагог-модератор

“Жас маман мектебі”

2021-2022 оқу жылында мектепте 29 (21%) жас маман жұмыс істейді.

Оқу жылының басында жас мамандарды кәсіби қолдау және әдістемелік көмекті жүйелі көрсету мақсатында тәжірибелі және білікті мамандардан тәлімгерлер тағайындалды.

11-қыркүйек күні жас мамандарға кәсіби және әдістемелік қолдау көрсету мақсатында «Қатаң есептегі құжаттарді рәсімдеуге байланысты талаптар» тақырыбындағы семинар-тренинг өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасы Заңындағы педагогтардың әдеп пен мінез-құлық нормаларын сақтау туралы.
2. Жас мамандарды мектепшілік «Педагогтардың кәсіби еңбегін рейтингтік бағалау» жүйесімен таныстыру.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен таныстыру.
4. «Kundelik.kz» электронды журналын жүргізу жұмыстары туралы.

Семинар барысында жас мамандар өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алып, нормативтік-құқықтық актілермен және қашықтық білім беру жағдайында оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерімен таныстырылды.

25 қыркүйек күні жас мамандарды психологиялық тұрғыда сүйемелдеу және ұжымда жағымды ахуал қалыптастыру мақсатында педагог-психологтардың ұйымдастыруымен «Жарқын болашақ иесі – жас маман» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

2021 жылдың 05 қараша күні «Сандық технологияларды сабақта тиімді қолдану» тақырыбында семинар-тренинг өткізіліп, ақпараттық технологиялармен жұмыс жасау бойынша ағылшын тілі пәні мұғалімі Ф.Сабырбаева, информатика пәні мұғалімі Е.Мусионов өз тәжірибелерімен бөлісті. Гимназия директорының ақпараттандыру ісі жөніндегі орынбасары Н.Жазылбеков мұғалімдердің электронды портфолиосын жүргізу ерекшеліктері туралы нұсқаулықтармен таныстырды.

2022 жылдың 02 сәуір күні Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуы мерейтойына орай «Мұғалім – мектептің жаны» атты жас мамандар байқауы өткізілді.

Байқау қорытындылары бойынша тарих пәні мұғалімі Саккулова Аружан Айдынкызы «Бас жүлде», орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Абенова Махаббат Сакенқызы I орынды, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Маслова Кристина Алексеевна II орынды, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Сыздыкова Айгерим Саматқызы III орынды иеленсе, дене шынықтыру пәні мұғалімдері Нурмаханов Шоқан Садирбайұлы, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Наурызбаев Нурмахан Жұмаханұлы, ағылшын тілі пәні мұғалімі Байділдаева Несібелі Жақсыбекқызы алғыс хаттармен марапатталды. Сонымен қатар жеңімпаздарға мектептің кәсіподақ комитетінің демеушілігімен бағалы сыйлықтар табысталды.

Гимназиядағы жас мұғалімдердің үлесі

№	Оқу жылдары				
	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2020-2021

1	20 (16,7%)	8 (7%)	14 (11%)	21 (15%)	29 (21%)
---	------------	--------	----------	----------	----------

Тәлімгердің жас маманмен жұмысының талдауы

2021-2022 оқу жылында 4 жас маманға тәлімгерлік бекітілді:

№	Жас маман	Пәні	Тәлімгері
1	Саккулова Аружан Айдыновна	тарих	Курманбаева Нуржамал Ережепбаевна
2	Байділдаева Несібелі Жақсыбекқызы	ағылшын тілі	Сабирбаева Феруза Эргалиевна
3	Абенова Махаббат Сакеновна	орыс тілі мен әдебиеті	Салимова Азиза Азизовна
4	Сыздыкова Айгерим Саматқызы	орыс тілі мен әдебиеті	Айдаркулова Джамиля Кадыровна

Гимназиядағы тәлімгерлік жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығымен бекітілген Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарына сәйкес жүргізілді.

Тәлімгерлердің жоспарлары Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 16.09.2021 № 472 бұйрығына сәйкес дайындалды.

Оқу жылында тәлімгерлердің жұмысы мектепшілік әдістемелік кеңестің күн тәртібінде 2 рет қаралып, тиісті шешімдер шығарылды, әдістемелік көмек берілді.

«Жетекші мектеп»

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы – Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін тарату бойынша жетекші мектептердің бірі.

Қазіргі кезде мұғалімнің кәсіби жетілуіне, шығармашылығын шыңдауға қолайлы орта қалыптастырудың маңыздылығы және осы функцияны жетекші мектептердің сапалы жүзеге асыра алатыны айқын.

Біліктілікті арттырудың дәстүрлі жүйесінде педагогтар біліктілігін арттыру курстарында тыңдаушы ретінде теориялық білім алу арқылы білімдерін тәжірибеде жүзеге асыратыны баршамызға аян, яғни теориядан тәжірибеге бағытталады. Ал жетекші мектеп қоғамдастығы шеңберіндегі біліктілікті арттыру жүйесінде тәжірибеден теорияға бағытталған. Педагог өз тәжірибесіндегі проблеманы анықтау арқылы, өз бетінше және қауымдастықта теориялық білімін жетілдіріп, проблеманы шешудің жолдарын іздейді, яғни эмпирикалық білім алады, теорияны практикамен ұштастырып отырады. Соның

нәтижесінде тәжірибе теориялық білімге ұласып оңтайлы өзгерістерге бастама болады.

Жетекші мектептің негізгі мақсаты - жаңартылған орта білім мазмұнын енгізу бойынша мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығының қызметтеріне және Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесін таратуға ұйымдастырушылық-әдістемелік жағдайлар жасау. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы базасында «SINERGY» жетекші мектеп қауымдастығы құрылды (synergos, грек. – бірлесіп әрекет ету).

Мақсаты: педагог мамандардың жаңаша кәсіби ойлауын қалыптастыру арқылы әлеуметтік ортада оқушылардың білім сапасын арттыру және бәсекеге қабілетін дамыту жолымен қазіргі заман талабына сай әлеуметтік бейімделе алатын, үнемі білім алуға және алған білімін кеңейтуге ұмтылатын, дені сау, адамгершілігі мол ұрпақ тәрбиелеу үшін тәрбие, білім беру ортасын құру.

Миссия: Жаңартылған мазмұнда білім беру жағдайында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін енгізу арқылы мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру.

«SINERGY» жетекші мектеп қауымдастығы жұмысының негізгі бағыттары: ұйымдастыру-әдістемелік, зерттеушілік, оқу-әдістемелік, диагностикалау-талдау жасау, ақпараттандыру-таратушылық. Қоғамдастықтың ұраны: «Ортақ қарекетпен озық идеяға!».


Жетекші мектепке қойылатын негізгі талаптардың бірі мұғалімдердің кәсіби дамуына, өзін-өзі дамытуына қолайлы орта жасау екені түсінікті. Ендеше, жетекші мектеп пен серіктес мектептердің бірлескен жұмысы арқылы мұғалімдердің зерттеу мәдениетін қалыптастыруға, озық тәжірибелерді таратудың, трансляциялаудың тиімді жолдарын игеруге, мұғалімдердің кәсіби тұрғыдан қарым-қатынасын жүйелеуге, өз кәсіби іс-әрекетіне сыни тұрғыдан сараптау жасау дағдыларын жетілдіруге қол жеткізе аламыз.

«SINERGY» жетекші мектеп қоғамдастығы:


1. Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы – жетекші мектеп.
2. Ю.Гагарин атындағы орта мектебі – серіктес мектеп.
3. Ғазиз Байтасов атындағы орта мектебі – серіктес мектеп.
4. Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі – серіктес мектеп.
5. Көктал орта мектебі – серіктес мектеп.
6. Үлгілі орта мектебі – серіктес мектеп.
7. Қосақ негізгі мектебі – серіктес мектеп.
8. Ақшолақ орта мектебі – серіктес мектеп.

Серіктес мектептермен жұмыс жүйесінің моделі құрылды:

**Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының серіктес мектептермен жұмыс жүйесінің
МОДЕЛІ**



«SINERGY» жетекші мектеп қауымдастығының жұмыс жүйесі:




Серіктес мектептермен атқарылған іс-шаралар:

№	Атқарылған іс-шаралардың түрі	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022
1	Бірлескен кеңестер (үйлестіру кеңестері)	4	4	1	2
2	Әдістемелік көмек десанттары	3	2	-	1
3	Серіктес мектептермен бірлескен семинарлар	6	6	2	1
4	Серіктес мектептердегі сабақты зерттеу топтары	18	18	14	12

5	Аудан көлемінде жетекші мектепте ұйымдастырылған семинарлар	4	5	-	-
6	Облыс көлемінде жетекші мектепте ұйымдастырылған семинарлар	1	1	-	-
Барлығы		39	36	17	16

Білім сапасының мониторингі:



Қорытынды: мұғалімдердің біліктілігін жетілдіріп, кәсіби дамуға жағымды орта қалыптастыру, педагогтардың зерттеу мәдениетін жетілдіру.

Ұсыныс:

1. Мұғалімдердің жеке қажеттіліктеріне қарай кәсіби біліктілігін арттырудың кешенді жоспарын дайындау.
2. Сабақты зерттеу және іс-әрекеттегі зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы педагогтардың зерттеу мәдениетін қалыптастыру.
3. Қашықтықтан оқытудың тиімді әдістерін зерттеу.

**Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы директорының
ақпараттандыру ісі жөніндегі орынбасарының
2020-2021 оқу жылында атқарған жұмыстарының жылдық есебі**

Мақсаты:

Оқу үдерісіне цифрлық технологияларды енгізу арқылы білім және тәрбие процесінің тиімділігі мен сапасын арттыру

Міндеттері:

-Барлық сатыдағы мектеп персоналдарының жұмыс орнын автоматтандыру жүйесін жүзеге асыру;

-Мектеп оқу кабинеттерінің цифрлы зертханалыры мен заманауи компьютерлерінің үлесін арттыру;

-Мұғалімдер мен білім алушылардың ақпараттық құзыреттілігін және компьютерлік сауаттылығын жетілдіру;

-Интернет желісіндегі сайттар арқылы білім мекемесінің және мұғалімдер мен оқушылардың ақпараттық кеңістігін кеңейтуге мүмкіндік жасау.

Күтілетін нәтижесі:

-Мектептің цифрлы білім беру контенті қалыптасады;

-Барлық сатыдағы мектеп персоналдарының жұмыс орны автоматтандырылады;

-Мектеп сайтының мазмұндық сапасы мен жұмыс істеу мүмкіндіктері артады;

-Цифрландыру жүйесі арқылы сапалы форматтағы білім алу қолжетімділігі қалыптасады;

-Мектеп басқарудың әділ де, ашық кеңістігі жасалады.

«Kundelik.kz» порталы бойынша атқарылған іс-шаралар:

1. Қыркүйек айында электронды журнал 2021-2022 оқу жылына ауыстырылды.
2. Есептік кезеңдер құрастырылды.
3. Барлық сыныптардың тізімі, оқу топтарының тізімі енгізіліп, электрондық сабақ кестелері құрылды.
4. Келген-кеткен оқушылар уақытылы порталға енгізіліп-шығарылып отырылды.
5. Мұғалімдер қозғалысы уақытымен жүргізіліп отырды.
6. Мұғалімдердің электрондық журналды толтыруы күнделікті бақыланып отырды.
7. Әр апта сайын электронды журналдың жүргізілуі туралы статистикалық есеп шығарылып отырды.
8. Педагогикалық кеңесте электронды журналды күнделікті жүргізу әдістері мен ережелері туралы анықтама оқылып отырды.
9. Ата-аналар мен оқушылардың электронды журналды қолдануы бақыланып отырды.
10. Жаңартылған білім мазмұнына көшкен 49 сынып журналы, ескі форматтағы (яғни 4,9,10,11) 22 сынып журналы, үйде оқыту бойынша 24 журнал, барлығы 95 сынып журналы уақытылы жүргізіліп отырды.
11. Оқу жылының аяғында 95 дана журнал баспаға шығарылып, түптеліп, бекітіліп мектеп мұрағатына өткізілді.

Электрондық журналды жүргізілу есебі

	Үй тапсырмасын толтыру %	Сабақ тақырыптарын толтыру %	Жоспарлауды жүргізу, %	Баға қойылған журналдар саны	Журналды жүргізу, %	Журналды уақытылы жүргізу, %
I тоқсан	100	100	100	1316 ішінен 1316	100	13.19
II тоқсан	100	100	100	1427 ішінен 1427	100	45.8
III тоқсан	100	100	100	1603 ішінен 1603	100	53.72
IV тоқсан	100	100	100	1456 ішінен 1456	100	43.5
Жылдық	100	100	100	1965 ішінен 1965		40,53

ҰББДҚ (НОБД) - мен жұмыс жасау барысы:

Келесі бөлімдерге жауапты мамандардың мәліметтері енгізілді:

1. Тіркеу мәліметтері;
2. Материалдық-техникалық қор;
3. Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер;
4. Білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер;
5. Қосымша мәліметтер;
6. Төлқұжатты толтыратын жауапты адам;
7. Қызметкерлер, Контингенттер.

Eduschool.kz автоматтандырылған жүйесінде жасалған жұмыстар: жүйеде 23 модуль бойынша жұмыс жасалды

1. Мектеп профилі толтырылды
2. Үйірмелер енгізілді
3. Қызметкерлер бөліміне мұғалімдер туралы мәліметтер енгізілді
4. Мектеп жанындағы лагерьге оқушылардың 100% өтініштері қаралды.
5. 2021-2022 оқу жылына оқушылар қабылдауға бос орындар туралы мәліметтер енгізілді.
6. 2021-2022 оқу жылына бірінші және басқа сыныптарға оқушы қабылдау 1 маусымнан басталды

Мектептің ақпараттық-техникалық қамтамасыз етілуі бойынша атқарылған іс-шаралар:

1. Мүмкіндігінше және қажетінше техникалық және бағдарламалық қамтылу қамтамасыз етілді.
2. ПК орнатылған бағдарламамен қамтылу түгелденіп, компьютерлер мен оргтехника түгелденіп

(принтерлер, медиапроекторлар, экрандар, мониторлар), заманауи техникаларға сәйкес келмейтін немесе жөндеуге келмейтін техника есептен шығарылуға сұраныс берілді.

3. Директордың ақпараттандыру ісі жөніндегі орынбасарының жұмысы бойынша нормативті құжаттар әзірленді.
4. Сандық оқыту көздері, АКТ қолданылатын сабақтарға қатыстым.
5. Ақпараттық - коммуникативті технологияларды қолдана отырып, робот құрастыру бойынша оқушылар көптеген жарыстарға қатыстырылып жүлделі орындар иеленді.

Шағын аудан (0-18 жас)

1. Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясына қатысты шағын ауданындағы 0-18 жас аралығындағы балалардың тізімін жасау үшін мектеп мұғалімдері бекітіліп, бұйрығы шығарылады. Жылына үш рет (Қыркүйек, Желтоқсан, Мамыр) айларында шағын аудан бойынша бала есебі жүргізілді.

Мектеп атауы	Балалардың саны			Оның ішінде						Басқа санаттар(ескертуде көрсету қажет)
				оқытылады						
Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы	0-жастан 18-жастағыларды қоса алғанда барлығы	қыздар	қазак	Мектепке дейінгі жастағы (0ден 6 жасқа дейін)	Мектеп жастағы (6 дан(7) 18 жастағыларды қоса алғанда)	Мектепке дейінгі жастағы	Мектептерде (18) жастағыларды қоса алғанда	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы(18)жастағыларды қоса алғанда	ЖОО-нда(18)жастағыларды қоса алғанда	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Қыркүйек айы	1550	771	1387	546	594	298	118	40	5	0
Қаңтар айы	1550	771	1387	546	594	298	118	40	5	0
Мамыр айы	1588	825	1397	556	892	70	930	38	20	0

Әлеуметтік желілерде жасалған жұмыстар:

Мектеп сайты 2021-2022 оқу жылында 74 жаңалықпен толықтырылды.
Мектеп сайтында келесі қосымшалар уақытымен толықтырылып отырылды:

1. Ақпарат
2. Әдістемелік жұмыстар
3. Жетістіктер
4. Іс-шаралар

5. Оқушыларға
6. Ата-аналарға
7. Тамақтандыру
8. Ашық бюджет
9. Ашық орган

Мектептің **Facebook, Instagram** парақшаларына іс-шаралар туралы ақпарат уақытымен енгізіліп отырды. 2021-2022 оқу жылында барлығы 74 жаңалық енгізілді.

Кемшіліктер:

- Мектептің «Күнделік.kz» электронды журналдың уақытылы жүргізілуінің 100% болмауы.
- Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы интернет желісінің тұрақты жұмыс жасамауына байланысты «BILIMLEND.KZ» сайтындағы белсенділіктің төмен болуы.

Ұсыныс:

Пән мұғалімдері электрондық журналды толтыру кезінде қатаң есептілік құжаттарды жүргізуге қойылатын нормативтік талаптарды, нұсқау хаттың ережесін сақтауы.

2021-2022 ж.ж. электрондық журналды толтыру кезінде журналдарға түзетулер жүргізілсе, уақытылы толтырылмаса пән мұғалімдеріне шара қолдану қарастырылуы.

2021-2022 оқу жылында үйден оқылатын оқушылардың журналдары қағаз үлгідегі журналға ауыстырылуы.

ҰББДҚ базасына мәліметтерді тіркеу кезінде, әр бөлімге жауапты маманның мәліметтерін дұрыс, әрі нақты болуын қамтамасыз етілуі.

Eduschool.kz автоматтандырылған жүйесіне мәліметтерді енгізілуі, толтырылуы әр бөлімнің жауапты маманына жүктелуі қарастырылса

Дарынды балалармен жұмыс. Қосымша білім беру.

Ғани Мұратбаев атындағы гимназия (одан әрі - гимназия) оқушыларының зияткерлік байқауларға қатысуының үш жылдық салыстырмалы көрсеткіші келесі тақырыптарға сәйкес жасалды «Мұрагер» шығармашылық орталығы, «Икемді дағдылар» кәсіби бағдарлау орталығы, «Олимп шыңы» кіші олимпиада мектебі, «Жас толқын» ОҒҚ.

Оқу жылы басында дарынды оқушылардың қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Оқу-танымдық іс-әрекетіне жоғары қабілетті оқушыларды анықтау мақсатында сынып

жетекшілері мектеп психологтарымен бірлесе жұмыс жүргізіп, дарынды балалардың тізімін анықталды.

I. «Мұрагер» шығармашылық орталығы

1.1. «Самғау» би ансамблі.

Өткен есептік кезеңде «Шолпы» би үйірмесінің бишілер тобы облыстық, республикалық және халықаралық байқауларына қатысып жүлделі орындарды иеленді.

«Самғау» би ансамблі орталығының түрлі байқауларға қатысуы бойынша үш жылдық көрсеткіштер кестеде көрсетілді.

№	Жетістіктері	2019-2020 оқу жылы					2020-2021 оқу жылы					2021-2022 оқу жылы				
		Қатысқан оқушылар саны	I	II	III	Алғыс хат	Қатысқан оқушылар саны	I	II	III	Алғыс хат	Қатысқан оқушылар саны	I	II	III	Алғыс хат
1	Олимпиада Облыстық	4				1										
2	Республикалық	12	5									15		7		
3	Халықаралық	10		8								18		11		
Жалпы саны:		26	5	8		1						33		18		

1.2. «Ән қанатында» өнерлі балалар байқауы.

Өткен есептік кезеңде «Ән қанатында» өнерлі балалар облыстық, республикалық және халықаралық байқауларына қатысып жүлделі орындарды иеленді.

«Ән қанатында» өнерлі балалар орталығының түрлі байқауларға қатысуы бойынша үш жылдық көрсеткіштер кестеде көрсетілді.

№	Жетістіктері	2019-2020 оқу жылы					2020-2021 оқу жылы					2021-2022 оқу жылы				
		Бас жүлде	I	II	III	Алғыс хат	Бас жүлде	I	II	III	Алғыс хат	Бас жүлде	I	II	III	Алғыс хат
1	Олимпиада Облыстық										2					
2	Республикалық	6	5	5		2							2			
3	Халықаралық												5			
Жалпы саны:		6	5	5		2							2	5		

1.3. «Қазына» қолөнер көрме жәрмеңкесі.

Өткен есептік кезеңде «Қазына» қолөнер көрме жәрмеңкесі орталығының мүшелері облыстық, республикалық және халықаралық байқауларына қатысып жүлделі орындарды иеленді.

Қолөнер және шығармашылық жұмыстармен айналысатын оқушылардың түрлі байқауларға қатысуы бойынша үш жылдық көрсеткіштер кестеде көрсетілді.

№	Жетістіктері	2019-2020 оқу жылы					2020-2021 оқу жылы					2021-2022 оқу жылы				
		Қатысқан оқушылар саны	I	II	III	Алғыс хат	Қатысқан оқушылар саны	I	II	III	Алғыс хат	Қатысқан оқушылар саны	I	II	III	Алғыс хат
1	Олимпиада Облыстық	12				8	9	2		1	2	12	6	2	4	5
2	Республикалық	64	27	8	3	5	11	2	1			5	2			
3	Халықаралық															
Жалпы саны:		76	27	8	3	13	20	4	1	1	2	17	8	2	4	5

1.4. «Атамұра» домбыра ансамблі

Өткен есептік кезеңде «Атамұра» домбыра ансамблі орталығының мүшелері облыстық, республикалық және халықаралық байқауларына қатысып жүлделі орындарды иеленді. Жас домбырашылардың түрлі байқауларға қатысуы бойынша үш жылдық көрсеткіштер кестеде көрсетілді.

№	Жетістіктері	2019-2020 оқу жылы					2020-2021 оқу жылы					2021-2022 оқу жылы				
		Бас жүлде	I	II	III	Алғыс хат	Бас жүлде	I	II	III	Алғыс хат	Бас жүлде	I	II	III	Алғыс хат
1	Олимпиада Облыстық						1									
2	Республикалық	2	1	6	1											
3	Халықаралық			1							1	2				
Жалпы саны:		2	1	6	1		1				1	2				

1.5. «Сөз зергері» көркемсөз оқу байқауы

Өткен есептік кезеңде «Сөз зергері» көркемсөз оқу бойынша гимназия оқушылары түрлі облыстық, республикалық және халықаралық байқауларына қатысып жүлделі орындарды иеленді.

Оқушылардың түрлі байқауларға қатысуы бойынша үш жылдық көрсеткіштер кестеде көрсетілді.

№	Жетістіктері	2019-2020 оқу жылы					2020-2021 оқу жылы					2021-2022 оқу жылы				
		Бас жүлде	I	II	III	Алғыс хат	Бас жүлде	I	II	III	Алғыс хат	Бас жүлде	I	II	III	Алғыс хат
1	Олимпиада Облыстық					2										
2	Республикалық	3	22	15	3					1						
3	Халықаралық	46	49													
Жалпы саны:		49	71	15	3	2				1						

III. «Олимп шыңы» кіші олимпиада мектебі

3.1. Пәндік олимпиада.

Өткен есептік кезеңде Республикалық жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының I (мектепшілік) кезеңінен 60 оқушы II (аудандық) кезеңіне жолдама алды. Аудандық кезеңде жүлделі I орын иеленген 19 оқушы III (облыстық) кезеңге жолдама алып нәтижесінде 15 оқушы жүлделі орындарды иеленді.

Олимпиадаға қатысушылардың білімі сапасы өткен оқу жылына қарағанда 70 пайызға көтерілді.

Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасы бойынша үш жылдық көрсеткіштер кестеде көрсетілді.

№	Жетістіктері	2019-2020 оқу жылы				2020-2021 оқу жылы				2021-2022 оқу жылы						
		Қатысқан оқушылар саны	I	II	III	Алғыс хат	Қатысқан оқушылар саны	I	II	III	Алғыс хат	Қатысқан оқушылар саны	I	II	III	Алғыс хат
1	Облыстық	6	1		4		7	1	3	1		19	1	2	12	2
2	Республикалық	1														

3.2. Интеллектуалдық олимпиада.

«Дарын» РҒПО ұйымдастыруымен өткізілген интеллектуалды байқауларға жалпы гимназиядан 1248 оқушы қатыстырылып, 1043 оқушы жүлделі орындарды иеленді. Биылғы оқу жылындағы көрсеткіш былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 63 пайызға өсті.

Интеллектуалдық олимпиада бойынша үш жылдық көрсеткіштер кестеде көрсетілді.

№	Жетістіктері	2019-2020 оқу жылы				2020-2021 оқу жылы				2021-2022 оқу жылы			
		Қатысқан оқушылар саны	I	II	III	Қатысқан оқушылар саны	I	II	III	Қатысқан оқушылар саны	I	II	III
1	«Ақ бота» марафоны	274	38	85	37	701	251	251	149	-	-	-	-
2	«Русский медвежонок» ойын байқауы	119	11	11	-	161	55	63	24	365	178	86	57
3	«BRITISH BULLDOG» интеллектуалдық ойын	187	49	50	11	126	48	45	11	297	34	59	38
4	«Золотое руно»	478	159	114	76	264	178	34	37	-	-	-	-

	ойын байқауы												
5	«Кенгуру – математика для всех» халықаралық байқау	87	51	8	3		260	39	-	35	14	1	5
6	«Кенгуру-лингвист» (ағылшын)	-	-	-	-		-	-	-		-	-	-
7	«Пони»	138	35	45	-	181	50	49	-	257	109	56	27
8	«Человек и природа»	190	61	51	64	11	5	-	-	-	-	-	-
Барлығы:													

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары	Даму мүмкіндігі
Оқушылардың интелектуалдық байқауларға қызығушылықтары жоғары.	Түрлі байқаулар мен интелектуалды байқауларға жоғары сынып оқушыларының қызығушылығының төмендігі.	Мұғалімдер оқушылармен мақсатты жұмысты тек сыныптан тыс емес, сонымен бірге сабақ барысында интелектуалдық қабілеттерін дамыту үшін ұйымдастыруы.

IV. «Жас толқын» ОҒҚ.

- a. «Кішкентай ғалымдар» зерттеушілер клубы.
- b. «Зерде» ғылыми орталығы.

«Жас толқын» оқушылардың ғылыми қоғамы мүшелерінің ұйымдастыруымен биылғы оқу жылында ғылыми жоба және шығармашылық жұмыстар байқауының мектепшілік кезеңіне жалпы саны 85 жұмыс қорғалып, үздік деп танылған жұмыстар аудандық кезеңге 35 жұмыс жолдама алды. Аудандық кезеңінің қорытындысы бойынша облыстық кезеңге 11 жұмыс қатыстырылып, 6 жұмыс жүлделі орын және 1 жұмыс Алғыс хатпен марапатталды. «Зерде» шығармашылық жобалар байқауында республикадан 1 жұмыс жүлделі орынды иеленді. Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда ғылыми жобалар бойынша 35 пайызға өсті.

«Жас толқын» ОҒҚ бағыты бойынша үш жылдық көрсеткіштер кестеде көрсетілді.

№	Жетістіктері	2019-2020 оқу жылы					2020-2021 оқу жылы					2021-2022 оқу жылы				
		Қатысқан оқушылар саны	I	II	III	Алғыс хат	Қатысқан оқушылар саны	I	II	III	Алғыс хат	Қатысқан оқушылар саны	I	II	III	Алғыс хат
2	Облыстық	5	-	1	-	-	6		1	3	1	11	2	2	2	1
3	Республикалық	2	-	-	1	-	-	-	-	-	-	1	1	-	-	-

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары	Даму мүмкіндігі
Оқушылар эксперименттеуге деген ғажайып ұмтылысымен ерекшеленеді.	Зерттеу және шығармашылық жұмыстар жасауда сыни ойлаудың әлсіздігі.	Зерттеу және шығармашылық жұмыстар жасауда креативті ойлау дағдыларын жетілдіретін бағыт-бағдар берілсе.
Оқушылардың шығармашылық жұмыс жасауда танымдық белсенділігінің жоғары болуы.	Шығармашылық және зерттеушілік қабілетін, қызығушылығын дамытатын жұмыстардың аздығы.	Педагогтың дарынды балалармен жұмыс істеудегі басты міндеті – салмақты шығармашылық жұмысқа деген талғамын арттырса.

с. «Креативті жобалар» байқауы.

Креативті жобалар байқауы бойынша гимназияда жаратылыстану-математикалық бағытта оқушылар шығармашылық жұмыстар, атап айтсақ «Тау баурайларындағы ағын судан жарық энергиясын алу» тақырыбындағы жұмыс облыстан алғыс хатпен марапатталды.

Жаңа оқу жылына ұсыныс:

Бір жылдық жұмысымды қорытындылай келе жаңа оқу жылында келесі бағыттар бойынша жұмыстарды жандандыру қажет.

1. **«Олимп шыңы» кіші олимпиада мектебі** бағыты бойынша жалпы білім беретін пәндер олимпиадасынан облыстық және республикалық деңгейде жеңімпаздар дайындау.
2. **«Жас толқын» ОҒҚ бағыты** бойынша ғылыми жобадан облыстық және республикалық жеңімпаздар дайындау.
3. **«Зерде» ғылыми орталығы бағыты** облыстық және республикалық деңгейде зерттеу жұмыстарының сапасын арттыру.
4. **«Креативті жобалар» байқауы бағыты** бойынша жобалар сапасын арттыру.

2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жұмысына сараптамалық талдау

I. Кіріспе

Тәрбие процесі – күрделі динамикалық жүйе. Өйткені, ол үнемі үзіліссіз даму, қозғалмалы, өзгермелі жағдайда болады. Тәрбие процесінің үзіліссіз жағдайы қоғамның талабына сай оның үнемі дамуымен сәйкес келеді, Бүгінгі күннің сұранысы – сапалы біліммен қаруланған, бәсекеге қабілетті, белсенді, шығармашыл, өркениетті болашақ үшін күресуге барын салатын, жоғары мәдениетті, адамгершілік түсініктері берік бекіген, кез-келген ісінде патриоттық сезімі көрініс тапқан ұрпақ. Мұндай ұрпақты тәрбиелеу ісінде мемлекет мектепке зор талаптар қойып, үлкен сенім артады.

Тәрбие жұмысы мектептегі үрдістің құрамдас бөлігі болғандықтан, ол тәрбиенің жалпы мақсатын орындауға бағытталған - балаға қоғамда өмір сүруге қажетті әлеуметтік тәжірибені меңгерту және қоғамдық тұрғыдан қабылданған құндылықтар жүйесін қалыптастыру. Осыған орай оның негізгі мақсаты – сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие міндеттерін толықтыру және тереңдету, олардың қабілеттерін неғұрлым толық ашу, белгілі бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын ояту, қоғамдық белсенділіктерін шыңдау, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруды көздейді.

Тәрбиенің негізгі міндеті – тұлғаның қоғамда табысты әлеуметтенуіне ықпал ету, жағдай туғызу. Тәрбие – үнемі ізденіс пен ізгілік жолындағы қиын да, қызық мәселе. Тәрбие беру – алға қойылған мақсат пен міндеттің іске асуымен бағаланып қана қоймай, оның нәтижелілігінің көрінісі мен маңызды болмақ.

Тәрбие беру бағытында мемлекеттік саясатты білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында білім беру жүйесін жаңғырту – жоғарғы мақсаттардың бірі. Тұлғаның өзін өзі билеуін, өзін өзі жүзеге асыру, отбасы және білім беру мекемелері педагогикалық ұжымдарының өзара іс-әрекеті үшін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында тәрбиенің нақты мақсаттары мен міндеттерін анықтау, тәрбие кеңістігін модельдеу-рухани тұлға қалыптастырудың негізі болады.

Гани Мұратбаев атындағы гимназиясы осы бағытта үздіксіз білім беру жүйесіндегі жеке тұлғаның ұлттық және жеке адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы, оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, баланы тәрбиеленуі, білім алуы мен жан-жақты қалыптасуы, ана тілі мен салт-дәстүрлерін сақтауы, денсаулығын нығайтуы сияқты Қазақстандық патриотизмге, төзімділікке, жоғары мәдениеттілікке және құқық пен еркіндікті құрмет тұтуға тәрбиелеу - «Ұлттық рухани байлық» көзі ретінде қарастырылып, осы тұрғыда оқушылардың сана-сезімін қалыптастыра отырып тәрбиелеу міндеттелген.

II. Ағымдағы жай-күйді талдау

2.1. «Жаңа ұрпақ» кешенді тәрбие бағдарламасы


Гани Мұратбаев атындағы гимназиясының «Табысты гимназия – 2025» стратегиялық даму жоспарының «Жаңа ұрпақ» кешенді бағдарламасы Қазақстан Республикасы «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңын, «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығын, «Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын әдіснамалық қамтамасыз етуді үйлестіру туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2018 жылғы 18 қаңтардағы № 20 бұйрығын (2018 жылғы 14 желтоқсанда соңғы өзгерістер енгізілген), «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығын (2018 жылғы 28 қыркүйекте № ҚР ДСМ-20 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). Білім және Ғылым министрлігінің «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасын бекіту туралы» 2011 жылғы 20 желтоқсандағы №528 бұйрығын, ҚР Үкіметінің «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы» 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысын, Қазақстан Республикасындағы «Баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңын басшылыққа ала отырып жасалды. Гимназияда тәрбие жұмыстары негізінен «Жаңа ұрпақ» кешенді бағдарламасының «Сәтті қадам», «Саламат», «Азамат», «Тұлға» жобалары арқылы жүзеге асады.

2.2. Гимназияның сынып жетекшілер құрамы:

Оқу жылдары	Ғани Мұратбаев атындағы гимназияның сынып жетекшілер құрамы			
	1-4 сыныптар (бастауыш буын)	5-7 сыныптар (орта буын)	8-11 сыныптар (жоғары буын)	Жалпы саны
2017-2018	23	14	14	51
2018-2019	23	15	13	51
2019-2020	23	14	16	53
2020-2021	22	17	16	55
2021-2022	22	19	16	57

2020-2021 оқу жылында:



Гимназияның тәрбие жұмысының мақсаты:

Бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара білетін, қарым-қатынас, ақпаратты, интеллектуалдық, жұмыс істеу білу, мәдениеті дамыған және зерттей білетін, іс-әрекет жасай білетін, дағдысы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу.

Міндеттер:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті және патриот қалыптасуына: тұлғаның саяси, құқықты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға, балалар мен жастардың құқықты санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатігездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұлға дайын болуына ықпал ету;
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және эстетикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлері мен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттары қалыптастыруға ықпал ету;
3. Тұлғаның жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлауына, ана тілді мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету;
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын психологиялық-педагогикалық күзіреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету;
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына, саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту;
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамсыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастырылуына ықпал ету;
7. Білім беру ұйымдарына көп мәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлқы дағдыларын қалыптастыру, тұлғаны өнерде және болмыста этникалық нысандарды қабылдау, меңгеру және ықпал ету;
8. Салауатты өмір салты дағдыларының тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының келесі бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық.
2. Рухани-адамгершілік мәдениет
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық, экологиялық тәрбие
6. Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты .

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бағыты.

Мақсаты: жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты, тұлғаның саяси даярлығын қалыптастыру. Патриоттық сананы қалыптастыру бағытында – Отанымыздың тағдыры үшін, елді бейбіт және әскери жағдайда қорғауға жауапты Қазақстан азаматы мен патриотының тұлғасын тәрбиелеу.

1 қыркүйек білім күніне орай, «Бейбітшілік пен келісім» тақырыбында салтанатты жиын мен бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Осы іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Нығмашев Берік Болатұлы 1 сыныпқа келіп отырған бүлдіршіндерге өз тілегін білдірді. 1 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасы күніне орай, 1-11 сыныптар аралығында «Біздің Тұңғыш Президент», «Елбасы –ел тірегі» атты және 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай, «Мой Независимый Казахстан», «Тәуелсіздік – ел тілегі» атты 1-11 сыныптар аралығында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Сонымен қатар, тәуелсіздік күні қарсаңында жас жеткіншектерді еліміздің нағыз патриоттары, өзгерістерден қаймықпайтын, еңбекұмар, білімге құштар, өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылатын, ұлттық құндылықтарымызды қастерлейтін рухани дүниесі байтұлғаны қалыптастыру мақсатында гимназия тәлімгері М.Симбаеваның ұйымдастыруымен «Бірыңғай Жас Ұлан балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің қатарына оқушыларды қабылдау және сертификат табыстау рәсімі өткізілді. Сондай-ақ, тарих пәнінің мұғалімі Н.Курманбаеваның ұйымдастыруымен жас мамандармен «XXI ғасырдағы Тәуелсіз Қазақстан» атты диалог алаңы өткізілді. Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 5-6 сыныптар аралығында «Тәуелсіздік құндылықтары: өткенге тағзым, болашаққа аманат» атты вебинар ұйымдастырылды. Өскелең ұрпақтың патриоттық сезімдерін оятып, өз еліне, туған жеріне деген махаббатын, мақтанышын әнмен көрсету мақсатында 5-7 сыныптар аралығында «Кемелді келешекке бастар жол» атты онлайн патриоттық әндер байқауы өткізілді.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты.

Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жаппыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Хакім Абай ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазақ халқын білімі мен мәдениеті дамыған елге айналдыруды көздеді. Абай мұрасы ұлт санасын қалыптастыруға, жастардың бойында елі мен жеріне деген патриоттық сезімді оятуға, рухани жаңғыруымызға игі ықпалын тигізуде. Осыған орай, гимназияда пән бірлестіктерінің арасында "Ұстаз ұлағаты - Абай мұрасында" атты бейнефестиваль өткізілді. 1 қазан күні Халықаралық қарттар күніне орай, «Қарияларға қамқорлық көрсетейік» тақырыбында жалғыз басты қарт кісілерге көмек көрсету қайырымдылық акциясы өтті. Шараның мақсаты жалғыздікті қарттармен сұхбаттасып, оқушылардың қолдан келген көмектерін көрсетіп, балаларды саналы тәрбие беруге, жанашырлық, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру, қарттарымызды құрметтеп, сыйлауға, оқушы бойына асыл қасиеттерді сіңдіруге, үлкенге өнеге, кішіге үлгі болуды үйрету болып табылады, сондай-ақ, мереке қарсаңында гимназияның 3-6 сынып оқушылары арасында «Қарты бар үй-қазына» атты қашықтықтан фото-көрме

іс-шарасы ұйымдастырылды. Аталған сынып оқушылары өз белсенділіктерін көрсетіп, атсалысуда.

Ұстаздар мерекесіне орай, 4-10 сыныптар аралығында "Менің алғашқы ұстазым", "Ұстаз-ұлағатты есім" атты бейнероликтер челленджі ұйымдастырылды, сондай-ақ, ұстаздар мерекесіне орай, 1-11 сыныптар аралығында «Ұстаз – ұлы есім» атты бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен оқырмандардың Елбасы туралы білімдерін кеңейту, Отанды сүйуге, Елжандылыққа, ел тарихын тануға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Елбасы – ел тірегі» атты көрме ұйымдастырылды. Сондай-ақ, оқушылардың рухани мәдениетке деген құндылық бағдарын қалыптастыру мақсатында «Жалпыадамзаттық құндылықтар» тақырыбында мектепшілік сурет салу, шығарма жазу, өлең шығару байқаулары өткізілді. Мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен Халық Қаһарманы Б.Момышұлының батырлығы мен ерлігін насихаттау және ұлы ақын Абай Құнанбайұлының шығармашылығымен сусындау мақсатында Б.Момышұлының 110 жылдығына арналған «Аңыз адам» және Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай, «Әлемге танылған Абай» атты виртуалды кітап көрмелері ұйымдастырылды.

Ұлттық тәрбие бағыты.

Мақсаты: тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақхалқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру бағдарламасы аясында 7-8 сынып оқушылары аралығында «Ата өнері – балаға мұра» атты балалар қолөнерінің онлайн көрмесі өткізілді. Сондай-ақ, «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында, оқушылар арасында «Қазақтың ұлттық бұйымдары» атты бейнечеллендж ұйымдастырылды.

Отбасы тәрбиесі.

Мақсаты: ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесіне олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Гимназияда «Отбасы – бақыт мекені» апталығы аясында, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, заманауи отбасы бейнесін қалыптастыру және отбасының рөлі мен маңызын арттыру, отбасылық қарым-қатынастың оңтайлы тәжірибесін насихаттау мақсатында 5-7 сынып аралығында «Жанұям қорғаным, ата-анам – тірегім!» атты отбасылық челлендж, отбасындағы асыл қасиеттерді қалыптастырып, отбасылық ережелерді қатаң ұстану мақсатында «Алтын ережелер» атты 1-4 сыныптар аралығында аппликациялар байқауы және 5-7 сыныптар аралығында аталаған апталық аясында оқушылардың шығармашылық, ойлау қабілеттерін дамыту, ойды нақты және сауатты жеткізе білуге баулу мақсатында «Отбасы – бақыт мекені» атты эссе байқауы мен 1-4 сыныптар аралығында «Отбасы – бүлдіршіндер көзімен» атты сурет байқауы өткізілді. «Қазақстан балалары – күзгі интерактив!» атты онкүндік аясында бастауыш сынып оқушылары аралығында «Біз талантты отбасымыз» тақырыбында челлендж, сондай-ақ отбасы арасындағы қарым-қатынасты

нығайту, табиғатқа деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында «Аяулы, алтын күзге саяхат» атты отбасы мүшелерімен күзгі баққа саяхат фотокөрмесі ұйымдастырылды.

"Жамбыл адалдық алаңы" жобалық офисі және Жамбыл облыстық білім басқармасының ұйытқы болуымен ұйымдастырылған облыстық "Парасатты отбасы" байқауында облыстық кезеңінен сүрінбей өткен Бейсембаевтар отбасы "Оқырман отбасы" номинациясы бойынша топ жарып, жеңімпаз атанды.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты.

Мақсаты: тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Оқушыларға табиғатты аялау, Отанды сүю, қоршаған ортаны көркейту, таза ұстау жауапкершілігін арттыру.

2021 жылдың 3 қыркүйек күні Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында білім алушыларды табиғатты қорғауға, экологиялық мәдениетті және туған өлке табиғатына деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында "Табиғатты аяла" атты жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің мектепшілік форумы өтті. Аталған форумға 14-16 жастағы білім алушылар "Туған өлкені зерттейміз", "Жасыл экономика", "Денсаулық және қоршаған орта", "Экоболашақ", "Жасыл оазистер", "Жеңіс мамыры" номинациялар бойынша шығармашылық және зерттеу жұмыстарын орындады. Форумға қатысушылар Алғыс хатпен марапатталды және үздік жұмыстар аудандық кезеңге жолдама алды. Осыған байланысты, шығармашылық және экологиялық білім беруді дамыту мақсатында оқушылар арасында облыстық «DARYN ECOART» конкурсы өткізілді. Нәтижесінде материалдар мен қалдықтардан жасалған «Үздік көркем қолөнер» номинациясы бойынша I-орынды Байзақ ауданы, Ғ.Мұратбаев атындағы гимназиясының 6-сынып оқушысы Ахметова Айгерім, 5-сынып оқушысы Стародубцева Милена иеленді.

Сондай-ақ гимназияда «Үнем – қоғам қуаты» жобасы аясында, экологиялық ойлауды дамыту мәселері бойынша «Табиғат - тіршілік нәрі» атты экологиялық сынып сағаттары өткізілді.

Көпмәдениетті және көркемэстетикалық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында, бастауыш сынып оқушылары аралығында «Қазақстан – менің Отаным» тақырыбында балалар суреттерінің онлайн көрмесі, «Арайлы, алтын күз!» атты онкүндік аясында «Алтын күз» тақырыбында жас суретшілер байқауы, «Күз кереметтері» атты экибанолар байқауы өткізілді.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

Мақсаты: оқушыларды ақпараттық қоғамда сүру үшін сапалы біліммен қаруланған, бәсекеге қабілетті, жан-жақты ойлауға, талдау жасай білуге,

ақпараттық сауаттылық пен ақпараттық мәдениеттілікке тәрбиелеу және де ата-аналарға ақпаратты жеткізу.

26.09.21ж. күні гимназияда тәрбие орталығының ұйымдастыруымен санитарлық талаптарды сақтай отырып, жас мұғалімдерді қолдау және кәсіби диагностикалау мақсатында "Кәсіби диагностика сағаты" іс-шарасы өткізілді. Іс-шара конкурс форматында өткізіліп, арнайы 5 бекеттерден тұрды. Олар: "Салауаттылық", "Дарындылық", "Креативтілік" және "Цифрлық сауаттылық", "Мотивация" бекеттері болды.

Мектеп әкімшілігі тарапынан ұйымдастырылған осы іс-шара арқылы мұғалімдер жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге, салауатты өмір салтын ұстануға, тапқырлық пен креативті ойлау және мен дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу, өз психологиялық көңіл-күй белсенділіктерін арттыруға байланысты топтық, жеке тапсырмаларды орындап, пікірлерін ортаға салды. Жамбыл адалдық алаңы және Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының ұйымдастыруымен Antikor орталығында "Толық адам концепциясы: Парасаттылық пен адалдық" атты тікелей эфирде облыстық вебинар өткізілді.

Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай, "толық адам" философиясындағы парасаттылық пен адалдықты жас жеткіншектердің бойына қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған вебинарда «Абай шығармашылығындағы толық адам мәселесі» тақырыбы бойынша филология ғылымдарының кандидаты, доцент

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Филология және журналистика» кафедрасының меңгерушісі Қарымбаева Күлзинат Мейрамбайқызы тұшымды ой-пікірімен бөліссе, гимназиямыздың қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, "Үздік педагог – 2019" республикалық конкурсының жеңімпазы Күдериева Бақыт Жақсылыққызы «Абай сөздерінің оқу үдерісіндегі тәрбиелік мәні» тақырыбында сөз қозғады. Сонымен қатар, гимназияның 11-сынып оқушысы, "Адал ұрпақ" еріктілер клубының мүшесі Өндірбай Мирас «Біздің өмірлік ұстанымымыздағы - Абай өнегесі» атты тақырыпта өз ойымен бөлісті.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Мақсаты: салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. «Қазақстан балалары – күзгі интерактив!» атты онкүндік аясында 5-сынып оқушылары аралығында «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» аты эстафеталық жарыс өткізілді.

SWOT талдау

<p style="text-align: center;">Күшті жағы (Strengths)</p> <p>Мектепте мұғалім мен оқушы арасында сенім мен ынтымақтастық мәдениетінің, қолайлы ортаның қалыптасуы «Ұлағат» әкелер және «Сырласу» аналар клубының бірлескен жұмыстарының нәтижесінде «Отбасы тәрбиесі» бағытындағы жұмыстар жүйелі жүргізіліп, ата-аналармен тығыз байланыстың орнауы Қазақстандық, патриотизм, көпмәдениетті, көркем-эстетикалық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбиесі бағыттарындағы жұмысы жүйеге қойылған</p>	<p style="text-align: center;">Қауіпті (Threats)</p> <p>Мектепшілік есептегі оқушылардың санының артуы Тәртіпбұзушылыққа икем оқушылардың жиі кездесуі</p>
<p style="text-align: center;">Әлсіз жағы (Weaknesses)</p> <p>Сынып жетекшілер тарапынан оқушының даму деңгейіндегі зерделеу жұмыстарының әлсіздігі Патриоттық сезімнің жекелеген оқушылар бойындағы әлсіздігі Оқушылардың өзіне деген сенімділігі байқалмайды, шығармашылық белсенділігі төмен Сынып жетекшілер тарапынан оқушылардың үйін аралау жұмысының болмауы Мектеп кезекшілігінің дұрыс атқарылмауы</p>	<p style="text-align: center;">Мүмкіндіктер (Opportunities)</p> <p>«Ұлттық тәрбие» бағытындағы жұмыстарды жандандыру «Шығармашылық қауымдастығы» аясында әлеуметтік жобалар жұмысын жалғастыру Оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырып, көшбасшылыққа қалыптастыру Сынып жетекшілерді іс-шараларды жаңаша тәсілдермен өткізуге талаптандыру</p>

Ұсыныс:

1. «Ұлттық тәрбие» бағытындағы жұмыстарды жандандыру;
2. «Шығармашылық қауымдастығы» аясында әлеуметтік жобалар жұмысын жалғастыру;
3. Сынып жетекшілерді іс-шараларды жаңаша тәсілдермен өткізуге талаптандыру;
4. Сынып сағаттарының уақытылы әрі сапалы өткізілуін қадағалау.

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының әлеуметтік қызмет жүйесінің 2020-2021 оқу жылындағы атқарған жұмысының жылдық есебі.

Әлеуметтік орталық оқушының сапалы білім алуына жағдай жасаумен қатар, оның қауіпсіздігі, бос уақытын тиімді пайдалануы, ортада өзін еркін ұстай білуі басты назарға алынған. Орталық төмендегідей бағыттар бойынша жұмыстар атқарады:

1. Әлеуметтік көмекті қажет ететін балаларды анықтау жұмыстары;
2. Қайырымдылық шараларын ұйымдастыру;
3. Кеңес беру және қорғау бағыты;
4. Оқушыларды сауықтыру, бос уақытын ұйымдастыру бағыты.



I. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларды анықтау

Әлеуметтік көмекті қажет ететін балаларды анықтау жұмыстары оқушының тұрмысын зерделеу картасы, сынып жетекшімен, ата-анамен тығыз байланыс жасау арқылы 100% жүзеге асырылды.

№	2021-2022 оқу жылы	Отбасы саны	Оқушы саны
1	Көп балалы отбасы	286	413
2	Аз қамтылған	7	14
3	Қамқорлықта	3	4
4	Туыстарының үйінде тұрып оқитыны	25	25
5	Жалпы толық емес отбасы	59	89
6	Өгей ана, өгей әкемен тұратын оқушылар	10	12
7	Үйде оқытылатын оқушылар	3	3
8	Инклюзивті біліммен қамтылғандар	1	1

Мектеп оқушыларының отбасының әлеуметтік картасы бойынша мектептің әлеуметтік төлқұжаты, ата-аналар базасы және оқушылар базасы жасалынды. (қосымша Power Point, Excel программалары арқылы жасалынды)

II. Қайырымдылық шараларын ұйымдастыру

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Байзақ ауданының білім бөлімі ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 2 тамыздағы № 3-153018-И хатына сәйкес мектебімізде «Мектепке жол» акциясы өткізілуде.

Акцияны ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары жасалынып, бекітілді.

Акцияның мақсаты – аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан және жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету болып табылады.

Акция барысында:

- Мектепке дайындау кезінде қолдауға мұқтаж аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсетілді;
- Гимназия кітапханашыларының қамқорлықтағы, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасынан шыққан балаларға оқулықтар таратуы қадағаланды;
- Гимназия ұжымы, жеке кәсіпкерлер акцияға тартылды;

1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» акция аясында аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету мақсатында гимназия ұжымы тарапынан және гимназия түлегі атынан 13 оқушыға кеңсе тауары берілді.

Жалпыға бірдей білім беру қорынан 59 оқушыға 37389 (отыз жеті мың үш жүз сексен тоғыз) теңге көлемінде ақшалай көмек көрсетілді.

Нәтижесінде, тамыз айында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында гимназияның 72 оқушысына материалдық көмек көрсетілді.

Жеке кәсіпкер, мектептің 2007 жылғы түлегі Сейтханов Ербосын Мырасұлы оқушыларды қыс мезгіліне дайындау мақсатында гимназиямыздың аз қамтылған отбасының 6 оқушысына киім-кешек алып берді. Жалпы суммасы 65000 теңгені құрайды.

№	Аты-жөні	Сыныбы	Берілген киім
1	Рахмет Әліби	6 «В»	Қыстық куртка
2	Сахитжан Арина	1 «А»	Жейде
3	Сахитжан Дарина	1 «А»	Жейде
4	Иваненко Алексей	8 «Г»	Қыстық аяқ киім
5	Тілеубай Эльнура	8 «Ә»	Қыстық аяқ киім
6	Турегалиева Динара	9 «Г»	Қыстық аяқ киім
7	Нуратдин Нұрзия	5 «А»	Жейде
8	Аманбай Раяна	3 «А»	Жейде

Қайырымдылық шараларының нәтижесінде, аз қамтылған және көп балалы отбасыларына жыл бойы мемлекет тарапынан да, демеушілер тарапынан да әлеуметтік көмекпен қамтылды.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің 31.08.2021ж.күні №242 бұйрығына сәйкес 2021 жылдың 01 қыркүйегінен бастап 1-11 сынып аралығында аз қамтылған отбасылардан шыққан,көп балалы,жетім немес ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, мемлекеттен атаулы әлеуметтік көмек алатын 64 оқушы бюджет есебінен ыстық тамақпен қамтылып отыр.Соның ішінде қамқорлолықтағы-4 оқушы,аз қамтылған отбасынан шыққан -14 оқушы,көп балалы-46 оқушы.Білім алушыларға ыстық тамақтың уақытылы әрі сапалы ұйымдастырылуы гимназия медбикесі мен әлеуметтік педагогтар тарапынан күнделікті бақылауға алынған. Асханадағы тез бұзылатын тағамдардың сертификаттарын, жарамдылығын үнемі бракераждық комиссия қадағалайды.

III. Кеңес беру және қорғау.

Кеңес беру және қорғау бағыты бойынша, кеңес алушының тек материалдық мәселелерді шешу ғана емес, сондай-ақ қаржылай сауаттылық, денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын сақтау, мамандықты дұрыс таңдау, өз құқықтарын білу, дұрыс тамақтану және оқушының қоршаған ортасымен қарым-қатынасы қарастырылған. Балалардың денсаулығы мен олардың толыққанды дамуы көбінесе олардың құқықтарын қорғау тиімділігімен анықталады, сол себепті оқушыларға құқықтарын түсіндіру жұмыстары тәрбие орталығымен тығыз жұмыс жүргізу барысында жүзеге асырылды.

Ерекше тәрбиені қажет ететін оқушылардың, көпбалалы, аз қамтылған, қамқорлықтағы, сенім хат арқылы туыстарының үйінде тұратын оқушылардың тізімі жасалды. Сынып жетекшілермен бірлесе отырып, оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайына зерделеу жүргізілуі тапсырылды. Тәрбие орталығымен бірлесе, барлық санитарлық талаптарды ұстана отырып, аз қамтылған, көпбалалы отбасына және қамқорлықтағы, үйде оқылатын оқушылардың үйлеріне зерделеу жүргізілді. Нәтижесінде,

- оқушылар мен ата-аналар қарым-қатынасы;
- отбасының оқушының дұрыс білім алуына жағдай жасауы;
- отбасының қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын анықтау;
- баланың бос уақытын тиімді пайдалануы, бала құқығының сақталуы бойынша жадынамалар мен кеңестер берілуін басты мақсатқа ала отырып, оқушылардың отбасына зерделеу жұмыстары жүргізілді.

625 отбасында тәрбиеленіп жатқан оқушылардың тұрмыс-жағдайы зерделенді.

Сынып жетекшілердің өтініші бойынша тәрбие орталығы, сабаққа жиі қатыспайтын, кешігіп қосылатын 35 оқушыға үйлеріне барып акт жасалынып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

IV. Оқушыларды сауықтыру, бос уақытын ұйымдастыру

Оқушыларды сауықтыру, бос уақытын ұйымдастыру бағыты бойынша, «денсаулық» сабақтары, түрлі форматтағы байқаулар, жетістікке ынталандыру жұмыстары жүргізілуде.

Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында түрлі мектепшілік байқаулар ұйымдастырылды: «Дәл бүгіннен бастап», «Дұрыс күн тәртібі», «Үздік отбасы ойыны».

Ұсыныс:

1. Оқушыларды жетістікке ынталандыру бағытындағы жұмыстарды жиі ұйымдастыру;
2. Әлеуметтік көмекті қажет отбасыға мектеп тарапынан жүйелі, білікті көмек көрсету. Оқушылардың отбасы мүшелерімен, мұғалімдермен қарым-қатынас орнатуда қиындықтардың алдын-алу және әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларға материалдық көмек көрсетіп, оқуға қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
3. Оқушыны қоғамға пайдасы бар іс-әрекеттермен айналысуы, бос уақытын тиімді пайдалануы, ортада өзін еркін ұстауына жағдай жасау.

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының 2021-2022 оқу жылындағы «Саламат» жобасының аясындағы «Сенім» психологиялық орталығының оқу жылында атқарылған жұмыстары туралы сараптамалық талдауы

Жамбыл облысы әкімдігінің Байзақ ауданы Білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы КММ 2021-2022 оқу жылында 29.08.2021 жылы №1 педагогикалық кеңестің шешімімен «Жаңа ұрпақ» кешенді жоспары бекітілді.

«Саламат» жобасы оқушылардың психологиялық-әлеуметтік, спорттық, экологиялық мәдениетін жоғары деңгейде қалыптастырады. Бұл жоба аясында түрлі тренингтер, жиындар, кездесулер, жарыстар, психологиялық жаттығулар, әлеуметтік-қайырымдылық акциялар, спорттық эстафеталық сайыстар т.б іс-шаралар өткізіледі. Жоба гимназияның стратегиялық дамуында төрт саланы қамтиды, және әр сала өзінің функцияларына қарай өз бағыттарынан тұрады.

«Сенім» психологиялық орталығының мақсаттары мен міндеттері;

Мақсаты: Жан-жақты дамыған, рухани бай, өз ойын еркін айта алатын, адамгершілік тұрғыда және интеллектуалды даму деңгейі жоғары, қоршаған ортамен үйлесімді қатынаста болатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- Алған білім, біліктерін өмірде пайдалана білуге машықтандыру;
- Оқушылардың өзін-өзі басқару перспективалары мен концепциялары негізінде көшбасшылыққа тәрбиелеу;

- Оқушылардың өзін-өзі құрметтеу деңгейін көтере отырып, қоршаған ортаға эмоционалдық жағымды қатынастарды дамыту;
- Табиғатты қорғау және өзгертуге байланысты оқушыларды жаппай қоғамдық пайдалы еңбекке қосу.

«Сенім» психологиялық орталығы бес бағыт бойынша жұмыс жасайды.

1.Психологиялық анықтау

Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу

2.Психологиялық түзету

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау

3.Психологиялық алдын-алу

Мақсаты: Адамның психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысын біліктілікті дамыту.

4.Психологиялық ағарту

Мақсаты: Жеке тұлғаның психология туралы түсінігін қалыптастыру және дамыту

5.Психологиялық кеңес беру

Мақсаты: Барлық қатысушыларға педагогикалық үдерістердегі мәселелерді шешуге көмек көрсету

Психологиялық анықтау.

1 сынып оқушыларының мектепке бейімділігін анықтау жұмыстары жүргізілді.

5 және 10 сынып оқушыларымен бейімделу деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар алынды.

Орта буын және жоғарғы буын оқушыларынан қобалжу, жалғыздық сезімдерінің деңгейін анықтау және зорлық-зомбылық, буллинг, кибербуллинг және келеңсіз оқиғаларды алдын алу мақсатында жұмыстар жүргізілді.

9, 11 сынып оқушыларынан мамандық таңдауға байланысты сауалнама алынды.

Әлеуметтік-педагог мамандарымен бірге гимназияда инклюзивті, денсаулығына байланысты үйде білім алатын және өгей әке-шешемен тұратын, жағдайы төмен отбасылар тізімі жасалынды.

Жақсы жақтары	Әлсіз жақтары
Атқарылған жұмыстар қорытындыланып, сауалнамалар нәтижесі белгілі көрсеткіш көрсетті. Танымал психологтардың әдістемелері және сауалнамалары арқылы оқушылардың жеке бас ерекшеліктері анықталды	Сауалнамаға жауап беру кезінде жауапкершіліксіз қарайтын оқушылар да бар. Соның нәтижесінде жеке және сыныппен жүргізілген жұмыстың қорытындысын шығару кезінде қиындықтар туындайды
Мүмкіндіктер	Қауіптер

Ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылармен онлайн форматта тест, сауалнама алу, кеңес беру жұмыстарын жүргізу	Жауапкершілік танытпаған оқушылардың жеке бас ерекшеліктерін анықтау, қорытындылау кезінде қате нәтиже шығуы
--	--

Психологиялық түзету, алдын алу.

Психологиялық анықтау жұмысының нәтижесінде орта және жоғары буын оқушыларының сауалнама қорытындысына сәйкес төмен нәтиже көрсеткен оқушылармен жеке психологиялық сұхбат жүргізілді.

Зорлық-зомбылық, буллинг, кибербуллинг және келеңсіз оқиғаларды(суицид) алдын алу мақсатында оқушыларға, тәрбие орталығымен бірлесіп жиналыс өткізілді.

Тәуекел тобындағы оқушылардың психологиялық мінез-құлқын және отбасымен қарым-қатынасын жақсарту мақсатында үйлерін аралап, түсіндірме жұмыстарын жүргіздік.

11 сынып оқушыларының ҰБТ-ге дайындық барысындағы қобалжу, мазасыздық деңгейін төмендету мақсатында сауалнама қорытындысы бойынша анықталған оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Жаксы жақтары	Әлсіз жақтары
11 сынып оқушыларына 9 сыныпты бітірген сәттен бастап сынып жетекші, психолог тарапынан дұрыс бағыт-бағдар берілгендіктен қазіргі таңда әр оқушы өз бағытын, мамандығын жоғары деңгейде алып шығуды көздеп отыр	Бала таңдаған мамандықты ата-анасы қаламайды немесе ата-анасы таңдап берген мамандықты бала қаламайды.
Мүмкіндіктер	Қауіптер
9, 11 сынып оқушыларына еліміздегі ЖОО-дарының тарихын және ондағы мамандықтар туралы ақпаратты түрлі форматта түсіндірме жұмыстарын жүргізуімізде	Оқушы өзі үшін ата-анасы таңдаған мамандықты таңдап, өз қызығушылығын ұмытып, болашақта өзіне ұнамайтын мамандық алып шығуы

Психологиялық ағарту.

11 сыныпты 42 оқушы бітіреді. Оның 41 оқушысы ҰБТ тапсырады. ҰБТ – оқушылар үшін ең маңызды кезең болғандықтан, ҰБТ-ны сәтсіз тапсыру бойынша стресс фактілерін болдырмау мақсатында мектеп әкімшілігі мен мектеп психологы оқу жылы бойына түрлі шаралар ұйымдастырды.

Қыркүйек айында педагогтардың «Мен педагог» позитивті концепциясын, коммуникативті дағдыларын қалыптастыруға, жаңа ортаға бейімделуіне, басқа адамдарды түсінуге, психологиялық қолдау көрсетіп, дамыту мақсатында мектептің жас мамандарына тренинг жүргізілді.

Жиналыстарда мұғалімдермен тренингтер жүргізілді.

Желтоқсан айында «Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтер превенциясы» пилотты жобасы бойынша вахтерлар оқытылды.

«Ерекше білім беруді қажет ететін балалары бар ата-аналарға психологиялық қолдау» тақырыбындағы «Біз өмірге құштармыз» тақырыбында тренинг жүргізілді.

Қыз балалардың жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырамауының және ерте жүктілікке тап болмауы туралы жоғарғы сынып оқушыларының ата-аналары арасында психологиялық жұмыстар жүргізілді.

Жақсы жақтары	Әлсіз жақтары
Тренинг барысында сыныптың қарым-қатынасын, шеттетілген оқушыларды анықтауға болады	Орыс сыныптарының патриоттық сезімдерінің төмен болуы
Мүмкіндіктер	Қауіптер
Сынып жетекшілерге патриоттық сезімдерін күшейту мақсатында тәрбие сағаттар санын арттыру	Орыс сыныптарының психологиялық іс-шараларға белсенділік танытпауы

Психологиялық кеңес беру.

Циклограммамызға сәйкес әр аптаның жұма күндері психологиялық кеңес беру күні болып бекітілді. Диагностика, түзету, алдын алу, ағарту жұмыстарының қорытындыларына сүйене отырып оқушыларға психологиялық кеңес берілді. Кеңес беру журналына тіркелді.

Гимназиямызда ата-аналар жиналысында психологтардың тарапынан оқушы жайында психологиялық мінездеме баяндалып және ата-аналарға кеңес берілді. Жеке кеңеске қалған ата-аналарда болды.

Атқарылған жұмыстар саны

Сауалнама	Тест	Тренинг	Кеңес беру	Ата-аналар жиналысы
12	11	15	100	5

Ұсыныс:

1. Үйде оқытылатын және инклюзивті білім алатын оқушылардың ата-аналарымен тығыз қарым-қатынаста болу, көп жұмыс жасау;
2. Мамандық таңдау бойынша ата-аналар мен оқушыларға түсіндірме жұмысын қарқынды түрде жүргізу;
3. Пән таңдау бағыттары бойынша оқушыларды орта буыннан бастап психологиялық сүйемелдеу.

Келесі оқу жылына психологиялық қызмет мынадай жұмыстарды іске асыруды жоспарлайды:

1. Диагностикалық жұмыстарды(тест,сауалнама) Google платформасы арқылы дайындау;
2. Психологиялық ағарту жұмыстарын көбейту;
3. Психолог кабинетіне бастауыш сынып оқушыларына танымдық процесстерін дамытуға арналған ойыншықтармен жабдықтау;
4. Өткен оқу жылындағы кеткен кемшіліктермен жұмыс жасау.

**Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының
«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының
2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстарына
сараптамалық талдау**

1. Кіріспе

2011 жылдың 6 шілде күні "Елорда күніне" орай «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестік болып құрылды. 26 тамыз күні "Жас ұлан" ұйымының құрылтайы өтті. Ұйымның Кеңес мүшелері, жұмыс жоспары, ресми нышандары бекітілді. Бұл ұйым қоғамдық ұйым болып табылады. "Жас ұлан" өз жұмыс барысында ҚР-ның Конституциясын, заңнамасы және де басқа нормативтік құқықтық актілерін, ҚР-да ратификацияланған халықаралық актілерді басшылыққа алып жұмыс жүргізеді.

2. Ағымдағы жай-күйді талдау

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестігі қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдамаларды басшылыққа ала отырып «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының даму жоспары жасалынды. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының 7 бағыт бойынша атқарылатын жұмыстары «Жаңа ұрпақ» кешенді бағдарламасын негізге ала отырып, оның ішінде «Азамат» жобасы арқылы жүзеге асады. Гимназиямызда оқу жылының басында белсенді, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, үздік жасұландық өздерін ұланбасы болуға ұсынып және шарттарды толық қанағаттандыратын оқушылар арасында «Ұланбасы» сайлауы өтіп, жасұландықтардың дауыс беруі арқылы тағайындалады. 2021-2022 оқу жылында гимназиямыздың 8 «Ә» сынып оқушысы Бахытқызы Шапағат Ұланбасы міндетін атқарды. Сонымен қатар жасұландықтар мектеп өміріне белсене қатысып, қоғамдық жұмыстарға, қайырымдылық шараларына, сыныптан тыс іс-шараларға, спорттық жарыстарға, интеллектуалды байқаулар мен олимпиадаларға белсене қатысты. Аудандық, облыстық, республикалық байқауларда да жүлделі орындарды иеленді. Оқушылар өздерінің жасұландықтардың қатарында болғандығын мақтан етеді.

**III. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының
құрылымы**

«Жас Ұлан» БЖҰ-ның мақсаты:

• Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

«Жас Ұлан» БЖҰ-ның міндеттері:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- Балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- Танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- Балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- Жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

«Жас Ұлан» БЖҰ-ның негізгі жеті бағыты:



2021-2022 оқу жылында «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына мүше оқушылар саны:



Оқу жылы	Бағыт бойынша өткізілген іс-шаралар саны							Жалпы саны
	Отан	Жеті жарғы	Зерде	Салауат	Еңбек	Руханият	Эко әлем	
2021-2022								105
	10	15	8	20	22	12	18	

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысына SWOT талдау

Күшті жағы (Strengths)	Әлсіз жағы (Weaknesses)	Мүмкіндіктер (Opportunities)
<p>Мектепте мұғалім мен оқушы арасында, отбасында ата-ана мен баланың арасында сенім мен ынтымақтастық мәдениетінің, қолайлы ортаның қалыптасуы;</p> <p>«Отан» және «Жеті жарғы» бағыттарының жұмыстары нәтижесінде құқықтық сауаттылықты, меклекеттік рәміздерге деген құрметті, ұлттық мерекелер мен мемлекеттік мерекелердің, кәсіби және өзге де мерекелерді атап өтіп оқушы жадында сақталуына септігін тигізу;</p>	<p>Сынып жетекшілер тарапынан оқушының жеке қабілеттерін зерттемеуі;</p> <p>Патриоттық сезімнің жекелеген оқушылар бойындағы әлсіздігі;</p> <p>Оқушылардың өзіне деген сенімділігі мен шығармашылық белсенділігінің төмендігі</p>	<p>«Зерде» бағытындағы жұмыстарды жандандыру;</p> <p>«Еңбек» бағыты аясында әлеуметтік жобалар жұмысын жалғастыру;</p> <p>Оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырып, көшбасшылыққа қалыптастыру;</p> <p>Сынып жетекшілерге іс-шараларды ұйымдастыру барысында жаңаша тәсілдермен өткізуге талаптандыру</p>

Ұсыныс:

- Ерікті оқушылардың санын арттыру;
- Белсенді жасұландықтарды аудандық, облыстық байқауларға қатыстыру;
- Мектептің қоғамдық жұмыстарына тұрақты қатысып отыру.

«Отан» бағыты – жасұландықтардың санасында қазақстандық танымның және мәдени түсініктің қалыптасуына, азаматтық парыздың орындалуына, толеранттылық пен патриоттық, отанға қызмет етудің маңыздылығы, өз халқың үшін мақтаныш сезімі, мемлекеттік рәміздерді, мемлекеттің және туған өлкеңнің идеологиялық негіздерін білуге жағдай жасайтын бағыт.

Жасұландық оқушылар Тараз қаласында орналасқан №1 қарттар үйіне барып «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында Халықаралық қарттар күніне орай ұйымдастырылған мерекелік іс-шараға қатысып, өнерлерін көрсетіп,

көңіл-күй сыйлап келді. Ел қазынасы болған қарттарымыз оқушыларға ризашылығын білдірді.

Жалғыз басты қарттарға оқушылардың қолдан келген көмектерін көрсетіп, балаларды жанашырлық, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру, қарттарымызды құрметтеп, сыйлауға, үлкенге өнеге кішіге үлгі бола білуді үйрету мақсатында «Қарияларға қамқорлық көрсетейік» тақырыбында жалғыз басты қарт кісілерге көмек көрсету іс-шарасы өтті.

Жасұландық оқушылар 1 наурыз алғыс айту мерекесіне орай Солодкина №41 үйдің тұрығыны Гаухар Сапарымбетова батыр анамен кездесіп келді. «Жетім көрсең жебей жүр» демекші өз баларамен қоса, балалар үйінен асырап алған төрт қызға аналық мейірім сыйлап отырған батыр аналардың қатарындағы жан.

«Жеті жарғы» бағыты- мектеп Жарғысын, оқушыларға арналған мінез – құлық ережелерін білуге оны сақтауға, мемлекет пен оның заңдарын құрметтеп қарауға, ел байлығын халық игілігіне жұмсауға ат салысатын оқушылардың азаматтық белсенділігін қалыптастыруға, заң бұзушылыққа қарсы күресуге ықпал ететін шараларды, жастар арасында әр түрлі жүргізілетін әлеуметтік-құқықтық маңызы бар шараларды қамтиды.

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына «Мен Тәуелсіз елдің ұланымын» тақырыбында ұйымға оқушыларды салтанатты қабылдау. Жалпы ұйымға бастауыш, орта буын оқушылары қабылданды.

2-4 сынып оқушылары жалпы 240 оқушы «Жас қыран» қатарын толықтырып, оларға жас қыран төсбелгісі берілсе, орта буынның 5-7 сыныптың 243 оқушысына «Жас ұлан» төс белгісі тағылды, ал жоғары сыныпта оқитын 7-9 сынып оқушылары жалпы саны 150 жасұландықтарға төсбелгілер тағылды.

«Ұрпаққа үлгі болған ерлік» тақырыбында Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу кеші ұйымдастырылды. Мақсаты оқушыларға Ауған соғысы жайлы толық мәлімет беру, ардагер ағалармен ашық әңгімелесу, сұхбаттасу, Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу, оқушыларға патриоттық тәрбие беру болып табылады.

«Зерде» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» интеллектуалдық мәдениетін, ойлау қабілетінің белсенділігін, ақыл-ой деңгейін және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға арналған іс-шаралар.

5-7 сынып жасұландық оқушылары арасында "100 кітап" жобасы аясында "КІТАП FEST 2021-2022" мектепшілік кітап фестивалі өткізілді. Фестиваль мақсаты: оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, білімін жетілдіру, бір сәтке болса да смартфоннан арылтып, санасына сілкініс ояту.

«Ұстаз ұлы есім» тақырыбында біріңғай ашық тәрбие сағаттары. Аталмыш шара ұстаздың адам өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу,

сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту. Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру.

5-7 сыныптар арасында «Сүйікті ұстаз, сүйкімді шәкірт» тақырыбында шығармашылық дуэт кеші өтті. Іс-шараның мақсаты өнерлі оқушылар шығармашыл Ұстаздармен және ата-аналары мұғалім болса бірге ән, әртүрлі музыкалық аспаптарды ойнау арқылы оқушы мен мұғалім, оқушымен ата-ана арасындағы бірлікті одан әрі нығайтуды көздейді.

«Салауат» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» салауатты өмір салтын қалыптастыруға, спорттық, туристік, экспедициялық және өлкетанушылық бағдарламаларды ұйымдастыру арқылы дене шынықтыруды дамытуға әсер ететін бағыт.

Отбасы күніне орай 3 сыныптар арасында «Спорт біздің серігіміз» тақырыбында эстафеталық сайыс өтті. Сайыстың мақсаты балалардың денсаулығын нығайту, ұйымшылдыққа баулу, балалардың қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, түрлі спорттық түрлерін еркін ойнауға үйрету, спортқа қызығушылықтарын арттыру.

«Балалар жылы» аясында оқушылар спорт майталмандары мен мотивациялық кездесу өткізілді. Шараға Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы «Ғылымы-тәжірибелік дене шынықтыру орталығының» басшысы М.Т.Сүлейменкулов, Жамбыл облысының мақтанышы Армрестлингтен Қазақстан Республикасының 3 дүркін чемпионы, Азия чемпионатының 5 дүркін чемпионы, Әлем чемпионатының 3 дүркін чемпионы Каримбаева Лаура Мауленқызы, Армрестлингтен Қазақстан Республикасының 10 дүркін чемпионы, Азия чемпионатының 10 дүркін чемпионы Күнтуғанова Жұлдыз Күмісбекқызы қонақ болып, оқушылар ерекше шабыт беріп, чемпион болудың қыр-сырын баяндап берді.

"Әкем, анам және мен спортшымыз отбасымызбен" тақырыбында аудандық отбасылық жарыс өтті. Жарыс мақсаты үштік одақты біріктіріп, спортта белсенді болуға және салауатты өмір салтын ұстануға шақырады. Жарысқа белсенді жасұландықтар мен олардың ата-аналары қатысты.

«Еңбек» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» бойында еңбектің ең бірінші өмірлік қажеттілік, өмірлік табыстарға жетудің басты тәсілі мен жоғары құндылық екендігін түсіндіретін, олардың мамандандырылған бейініне әсер ететін, «бизнес-инкубаторлар» мен балалар кәсіпорындарын құру арқылы кәсіптік білім беретін, кәсіпкерлік, экономикалық және құқықтық біліктіліктерін қалыптастыратын бағыт.

«Күз береке, күз мереке» тақырыбында өткен мерекелік жәрмеңке ұйымдастырылды.

Мақсатында оқушыларды ұйымшылыққа, адалдыққа, еңбекқорлыққа, кәсіпкерлік қабілетін шыңдауға дағдыландыру. Шараға 5-7 сынып оқушыларынан құралған 16 топ қатысып, өз белсенділіктерін көрсетті.

1-10 сынып оқушылары арасында көктемгі демалысын тиімді падалану, отбасылық қолдау мен көктемгі тазалыққа үлес қосу мақсатында, интернет желісі арқылы қашықтықтан жоспарланған тәрбие жұмыстарына сәйкес "Тән

саулығының тамыры-тазалықта" тақырыбында отбасылық сенбілікке шығып өз аулаларына тазалық, тал отырғызу, оны күтіп-баптау сынды жұмыстар жасады.

1-9 сынып оқушылары арасында көктемгі демалысын тиімді падалану, оқушы қыздардың анасына үй жұмыстарына көмектесу іс-шарасы «Қыз еркем, анасымен көркем» тақырыбында қашықтықтан интернет желісі арқылы ұйымдастырылды. Қыз бала анаға жақын болып келеді. Шыр етіп дүниеге келген нәресте ана құшағынан жұбаныш табады.

«Руханият» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» өзіндік және басқа халықтардың адамгершілік, этикалық, бейнелеу- эстетикалық негіздерін дамытуға және қалыптастыруға, өз түсініктеріңді басқа адамдар мен әлеуметтік топтардың қызығушылықтарымен біріктіруге, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруға арналған бағыт.

1-7 сынып оқушылары арасында көктемгі демалысын тиімді падалану, адамның жеке басының қалыптасуы отбасынан басталатындығын, отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасатындығын түсіндіру мақсатында "Менің отбасымдағы алтын ереже" тақырыбында интернет желісі арқылы қашықтықтан іс-шара ұйымдастырылды. Әлемдегі барлық іс - әрекеттер белгілі бір ережелерден тұрады.

4-7 сынып жасұландық оқушылары арасында "Ғарышты бағындырғандар" тақырыбында қашықтықтан ұйымдастырылған деректер жинау, ақпараттық шолу жасау іс-шарасы өтті. Біздің мақсат оқушылардың ғарышкер болсам деген арманын ғылымға деген қызығушылықпен ұштастыру.

Көркем сурет және балалар мектебінің ұйымдастыруымен **"Нашақорлық-ғасыр дерті"** тақырыбында өткен аудандық плакаттар байқауына гимназиямыздың белсенді жасұландық оқушысы Шакиралиев Құдайберген және Елемесова Мадина қатысып өз шеберліктерін көрсетіп келді. Байқау қорытындысы бойынша Шакиралиев Құдайберген I дәрежелі димломмен марапатталса, Елемесова Мадина белсене қатысқаны үшін алғыс хат иеленді.

«Экоәлем» бағыты-табиғат туралы түсініктерін кеңейтуге, табиғат пен адамзат арасындағы байланысты сезінуге, қоршаған орта сұлулығын сезінуге және көре білуге, оны қорғауға, туған өлке табиғатын танып білуге, экологиялық мәдениетті қалыптастыруғы, экологиялық зардаптардың себебін түсініп, оны жоюға ұмтылатын, жалпы экологиялық мәселенің адамзат тіршілігіне тікелей байланысын сезінуге ықпал ететін шараларды қамтиды.

Жамбыл облысы «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен облыстық «Жасыл әлем» атты жасқырандықтарға арналған ертегілер байқауына гимназиямыздан 12 оқушы қатысты. II кезеңнен тұратын байқауда Құдайберген Аяжан жүлделі I орынды иеленді.

«Бір тал ексең, он тал ек» тақырыбында қашықтықтан интернет желісі арқылы өткен іс-шараға гимназияның оқушылары тал егудің өзіндік бір тәрбие екендігін дәлелдеп, белсене қатысты. Адамзат өмірінде қай заманда, қай

қоғамда болмасын озық ойлы, өз заманы мен өз замандастарынан оқ бойы алда жүретін көшбасшылар жасыл желекке, ағаш егуге, атын қалдыруға ерекше мән берген.

Табиғатқа сән беріп, аспанға көрік сыйлайтын кішкентай тіршілік иелеріне қамқорлық жасау мақсатында гимназия тәлімгері Б.Р.Кенесбековның ұйымдастыруымен 1-7 сынып оқушылары арасында қашықтықтан «Құстар біздің досымыз» тақырыбында құстарға қамқорлық көрсетіп, ұяшық жасау байқауы өтті. Байқау соңында әділқазылар алқасының шешімі бойынша жүлделі орындар анықталып, мақтау қағаздары мен алғыс хаттар берілді.

II бөлім

2.1. Стратегиялық даму бағдарламасының паспорты

Стратегиялық даму бағдарламасының атауы	2019-2025 жылдарға арналған гимназияның «Табысты гимназия - 2025» стратегиялық даму бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздеме	<ul style="list-style-type: none"> - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. - "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы. - Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары. - «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығы (2019 жылғы 16 мамырдағы № 208 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). - «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы (2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 662 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). - «Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын әдіснамалық қамтамасыз етуді үйлестіру туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2018 жылғы 18 қаңтардағы № 20 бұйрығы (2018 жылғы 14 желтоқсанда

	<p>соңғы өзгерістер енгізілген).</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Орта білім беру ұйымдарының жеке санаттағы педагог қызметкерлері жүргізу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесін анықтау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 32 бұйрығы. - «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы (2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 494 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). - «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына кезектілікті қалыптастыру мен оның қызметін және жолдамаларды беру процесін автоматтандыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 14 шілдедегі № 337 бұйрығы (2018 жылғы 10 қаңтарда соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). - «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы (2018 жылғы 28 қыркүйекте № ҚР ДСМ-20 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).
Негізгі әзірлеуші	«Байзақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының әкімшілігі мен мұғалімдердің шығармашылық тобы.
Мақсаты	Педагог мамандардың жаңаша кәсіби ойлауын қалыптастыру арқылы әлеуметтік ортада гимназияның білім сапасын арттыру және бәсекеге қабілетін дамыту жолымен қазіргі заман талабына сай әлеуметтік бейімделе алатын, үнемі білім алуға және алған білімін кеңейтуге ұмтылатын, дені сау, адамгершілігі мол ұрпақ тәрбиелеу үшін тәрбие, білім беру ортасын құру.
Міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> - нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде гимназияның іс-әрекетін жергілікті басқару органдарының ұсыныстарымен реттеу; - гимназия компоненті есебінен тереңдетіп оқытылатын пәндердің бағдарламаларын жоғары оқу орындары мамандарымен бірлесіп жасау; - элективтік курстар есебінен оқу процесіне ғалымдарды тарту, ғылыми шығармашылықты дамыту; - гуманитарлық пәндерді оқытуда тұлғатану, тарихтану, мәдениеттану бағыттары бойынша тақырыптық жобаларды жүзеге асыру; - мектепшілік технопарк және модельдеу жобасын дайындау; - жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша «Білім инновация» мектеп-интернатымен бірлескен олимпиада мектебі жобасын дайындау; - «Цифрлы гимназия» жобасын жетілдіру аясында гимназия

	<p>сайтын дамыту, гимназияны басқару жүйесін цифрландыру;</p> <ul style="list-style-type: none"> - мұғалімдердің жеке қажеттіліктеріне қарай кәсіби біліктілігін арттырудың кешенді жоспарын дайындау; - «Гимназиялық бақылау сынағын» жүргізу тетіктерін жетілдіру, оқушылардың білім сапасына сараптамалық талдауды дамыту және цифрландыру; - оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған «Зияткер ата-ана» ата-аналардың қоғамдық, тәуелсіз кеңесін құру; - Гимназия оқушыларының статусын қалыптастыру мен моделін айқындау мақсатында «Көшбасшы шәкірт» жобасын дайындау арқылы білім алушылардың жан-жақты даму рейтингісін жасау, бағалау, марапаттау, ынталандыру жұмыстарын ұйымдастыру - педагог пен оқушының шығармашылық әлеуетін дамыту; - бастауыш, орта және жоғары буынның жекелеген пәндерді оқыту және тәрбиелеу барысында сабақтастығын белсендіру; - баланың денсаулығын сақтау, өз денсаулығын өзі күтуге, дене шынықтыруға мән беруге, балалардың және мұғалімдердің денсаулығын нығайтуға жағдай туғызу мүмкіндіктерін қарастыру; - барлық білім беру деңгейлерінде пән мұғалімдерінің нәтижелі жоғары білім беруге қол жеткізуі; - баланың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету; - оқу-тәрбие үрдісінің Қазақстандық патриотизмге, халықтық салт-дәстүр мен тарихын құрметтейтін биік мәдениетке тәрбиелеуді мұрат еткен жаңа әдістер мен материалдарды біріктіру, жетілдіру, дамыту; - оқыту мен тәрбиелеуде жаңа педагогикалық технологиялардың тиімділігін анықтау; - ұстаздардың кәсіби біліктілігін, зияткерлік деңгейін, зерттеушілік қабілетін, шығармашылық деңгейін дамыту мақсатында ғылыми-әдістемелік зертханаларын құру; - білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту бағытында қосымша үйірмелер ұйымдастыру; - оқу-педагогика үрдістерін жүйелі диагностикалау; - мектеп бітірушілердің өзгермелі қоғамда оңай бейімделе алуы, білім алушылардың ізгілендіру мен адамгершілік позицияда өзін-өзі анықтап, өзін-өзі жүзеге асыруы үшін оңтайлы жағдай туғызу, икемді дағдыларды қалыптастыру;
Күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> - Гимназия педагогтерінің жалпы санынан жоғары және бірінші санаты бар біліктілігі жоғары педагог қызметкерлердің үлесі – 85 %; - Гимназияның қамқоршылық кеңесінің жұмысын жүйелеу; - «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» тәжірибесін енгізу, тарату; - Білім беру мекемесін басқаруда әрі қарай ізгілендіру және бөлінген көшбасшылық үрдісін дамыту; - Жаратылыстану-математика пәндері бойынша білім беру оқу бағдарламаларын жетік меңгерген оқушылардың үлесі – 80 %; - Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша білім беру оқу

	<p>бағдарламаларын жетік меңгерген оқушылардың үлесі – 90 %;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Инклюзивті білім беру үшін жағдайлар жасаған мектеп қатарына ену; - Гимназияны бітіруші түлектердің мемлекеттік грант иегерлерін 90 %-ға жеткізу; - 10-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық пәндерді үш тілде оқытуға көшу - 100%;
Іске асыру мерзімдері (кезеңдері)	<p>2019 – 2025 жылдар</p> <p>Стратегиялық даму бағдарламасы екі кезеңде іске асырылатын болады:</p> <p>бірінші кезең: 2019 – 2022 жылдар;</p> <p>екінші кезең: 2023 – 2025 жылдар.</p>

2.2. Кіріспе

Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Қазақстан Президенті республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енгізу туралы міндет қойған болатын. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Халықаралық тәжірибе ерте балалық шақтан ересек жасқа дейін адами капиталға, атап айтқанда, білім беруге бөлінетін инвестицияның экономика мен қоғамға елеулі қайтарымы болатынын дәлелдеп отыр.

Гимназия ұжымы стратегиялық даму бағдарламасын дайындау арқылы білім саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда үлкен жауапкершілік алып отыр.

Бағдарламаның мақсаты

Педагог мамандардың жаңаша кәсіби ойлауын қалыптастыру арқылы әлеуметтік ортада гимназияның білім сапасын арттыру және бәсекеге қабілетін дамыту жолымен қазіргі заман талабына сай әлеуметтік бейімделе алатын, үнемі білім алуға және алған білімін кеңейтуге ұмтылатын, дені сау, адамгершілігі мол ұрпақ тәрбиелеу үшін тәрбие, білім беру ортасын құру.

Бағдарламаның даму кезеңдері

Жылдар	Іс-шаралар	Орындаушылар
2019 – 2022 жылдар	Жекелеген бағыттар бойынша білім беруді дамытудың модельдерін әзірлеумен, оларды сынақтан өткізумен байланысты жұмыстарды жүргізу	Гимназия ұжымы
2023 – 2025 жылдар	Өткен кезеңдерде алынған нәтижелерді енгізуге және таратуға бағытталған іс-шараларды іске асыру қарастырылған.	Гимназия ұжымы

Бағдарлама мониторингі

Стратегиялық даму бағдарламасы айқындалған мақсаттарды жүзеге асыруға Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы педагогикалық ұжымының әлеуеті мен мүмкіндіктері толық жетеді.

Гимназияның ғылыми-зерттеу алаңы:

- Республика деңгейінде – 2001 жылдан бастап 12-жылдық оқу жүйесінің ұлттық моделін құру экспериментіне енгізілген. Ұлттық моделін құру жолында алты сыныпта оқу бағдарламалары мен оқулықтарды сынақтан өткізу және байқау жұмыстары жүргізілді.
- Республика деңгейінде: 2004 жылдан Б. Алтынсарин атындағы Білім Академиясының базалық мекемесі болып тағайындалған.
- Республика деңгейінде: 2006 жылдан бастауыш сыныптарда ән-күй пәні шеңберінде профессор Райымбергенов басқарған “Мұрагер” атты этнопедагогикалық бағдарлама сынақтан өткізілуде.
- Республика деңгейінде: 2012 жылдан бастап «e – learning» электронды оқыту жүйесі енгізілді.
- Облыс деңгейінде: 2001 жылдан «Салауатты өмір салтын насихаттау жобасының» тірек мектебі.
- Облыс деңгейінде: 2014 жылдан бастап Назарбаев зияткерлік мектебінің тірек мектебі ретінде бекітілді.

Гимназия педагогтерінің жалпы санынан жоғары және бірінші санаты бар біліктілігі жоғары педагог қызметкерлердің үлесі – 65 %-ды құрап отыр. Дегенмен, мектептің педагогикалық ұжымында 20 жылдан астам еңбек өтілі бар мұғалімдердің үлесі – 34,2 %-ды құрайды. Алдағы жылдары мектеп ұжымының негізін құрайтын білікті мұғалімдердің зейнет жасына кетуіне байланысты тоқыраудың алдын алуға бағытталған жұмыстарды жүргізу қажеттігі туындап отыр.

Мектептің материалдық техникалық базасы төмендегідей: 41 кабинет, оның ішінде паспорты бар – 37; 1 спортзал; 1 шеберхана; 2 компьютерлік кабинет, 1 мультимедиялық кабинет (9+1), 1 жаңа модификациялы физика және химия кабинеті.

Гимназияның ғимараты 1972 жылы пайдалануға беріліп, 2018 жылы күрделі жөндеу жасалды. Қазіргі кезде асхана жабдықтарын жаңарту жұмыстарын атқару - күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі.

**2.3. ГИМНАЗИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫНА
ҚЫСҚАША СИПАТТАМА. ГИМНАЗИЯНЫҢ 2019-2025 ЖЫЛДАРДАҒЫ
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҒДАЙЫНА ТАЛДАУ. МЕКТЕПТІҢ
СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫН БАҒАЛАУ.**

Кадрлық ресурстар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Педагогикалық құрамның сапасының тұрақты дамуы	Педагогикалық технологияларды жүйелі қолданудың жоқтығы	Деңгейлік біліктілігін жетілдіру курстарымен қамту	Педагогтар уәжінің төмендігі, басқару жүйесінің тиімсіздігі
Педагогтың өзін-өзі дамытуға, біліктілігін жетілдіруге жағымды ортаның болуы	Озат тәжірибе тарату механизмдерінің әлсіздігі	Шығармашылық топтардың жұмысын жандандыру, коучингтер мен тренингтерді жүйелі түрде өткізу.	Тиімді үйлестірудің болмауы
20 жылдан астам жұмыс өтілі бар тәжірибелі мұғалімдердің 34,2%-ды құрап, жас мамандар мен тәжірибелі мұғалімдердің арасында кәсіби сабақтастықтың болуы.	Білікті жас мамандарға сұраныстың көптігі	ЖОО байланыс жүргізу, «Дипломмен ауылға» бағдарламасын тиімді пайдалану	Білікті мамандардың қала мектептерін таңдауы
Материалдық-техникалық ресурстар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Гимназия оқу кабинеттерімен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілген	Оқу кабинеттерінің заманауи жиһаздармен жабдықталуы жеткіліксіз	Оқу кабинеттерін толық жабдықтау мақсатында қаржыландыруды қамтамасыз ету	Қаржыландырудың жеткіліксіз болуы
Кабинеттерді ақпараттық техникамен қамтамасыз ету жұмыстары салыстырмалы түрде қанағаттанарлық деңгейде	АКТ құралдарының мерзімді кезеңдерде жаңартылмауы	Білім бөліміне АКТ құралдарымен қамтамасыз етуге байланысты берілген сұраныстардың қанағаттандырылуы және қолда бар мүмкіндіктерді пайдалану арқылы демеушілердің есебінен	Қаржыландырудың жеткіліксіз болуы

		жабдықтау жұмыстарын жалғастыру	
Ақпараттық ресурстар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Гимназияның оқу-тәрбие процесін басқаруды цифрландыру жұмыстарының жүргізілуі	Материалдық базаның ескіруі	Жоғары жылдамдықты интернет желісіне қосылу	Қаржыландырудың жеткіліксіздігі
Гимназия жұмысын цифрландыру арқылы ашықтықты қамтамасыз ету нәтижесінде ата-аналар мен оқушылардың белсенділігінің артуы	Тиісті АКТ жеткіліксіздігі	Демеушілер арқылы қаржыландыру	Қаржыландырудың жеткіліксіздігі
Білім беру және инновациялық қызмет сапасын арттыруға оқу-әдістемелік шарттар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Педагогтердің зерттеу дағдыларының қалыптасуы	Мектепшілік зерттеулердің ғылыми-әдістемелік тұрғыдан осал сүйемелденуі	Жоғары оқу орындары және мұғалімдердің біліктілігін арттыру орталықтарымен байланысты жүйелеу	Зерттеу жұмыстарының негіздемесінің дұрыс тандалмауы
Педагогтердің кәсіби жетілуін қолдауға бағытталған мектепшілік инновациялық жобаларының жүзеге асырылуы	Педагогтердің инновациялық жобалармен жұмыс істеу әлеуетінің жеткіліксіздігі	Педагогтердің кәсіби жетілуін қолдаудың инновациялық жобаларының тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру	Педагогикалық инновацияларды жеткілікті деңгейде қолдау мен дамытудың кешенді жоспарланбауы
Білім беру мазмұнын іске асыру			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жақсы және өте жақсы деңгейде меңгерген оқушылар үлесінің өсу динамикасының болуы	Орыс тілінде оқитын сыныптарда білім сапасының төмендеуі	Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру арқылы оқытудың тиімділігін арттыру	Педагогтердің оқушы уәжін қалыптастыра білмеуі. Әлеуметтік жағдайдың оқушының білім алуына кері әсері.
Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің даму шарттары, білім			

беру сапасы			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық байқауларға қатысу үлесінің көбеюі	Республикалық және халықаралық деңгейде жүлделі орындарды иеленген оқушылардың үлесінің аз болуы. Мұғалімдердің дарынды балалармен жұмыс істеу дағдыларының жеткіліксіздігі	Дарынды оқушыларды қолдау бойынша мектепішілік инновациялық жобаларды жүзеге асыру	Дарынды оқушыларға қолдау көрсететін мектепішілік жүйенің тиімсіз болуы
Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен идеалдарға бағдарланған белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны қалыптастыру және өзін-өзі іске асыру шарттары			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Гимназияның пайымдауына сәйкес азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында инновациялық жобалар жүзеге асырылады.	Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы жұмысын заман талаптарына сай реформалаудың қажеттілігі	Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы жұмысын жүйелеу	Өзін-өзі басқару ұйымдарын басқару тұжырымдамаларының заман талаптарына сәйкес келмеуі
Білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және іске асыру шарттары			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында мектепішілік «Саламат» жобасының жүзеге асырылуы	Спорттық жабдықтардың ескіруі және жеткіліксіздігі	Мемлекеттік және демеушілік қаржыландыру арқылы спорттық жабдықтарды толықтыру	Қаржыландырудың жеткіліксіздігі

2.4. МЕКТЕПТІҢ МИССИЯСЫ, МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Пайымдау: Заманауи білім дағдылары мен мектеп құндылықтарын меңгерген түлектеріміз: рухани кемелденген, елжанды, бәсекеге қабілетті жаңашыл әрі дара тұлға ретінде мемлекет дамуына үлес қосады.

Миссия: Мемлекеттің дамуына үлес қосатын, көптілді және рухани кемелденген, саламатты тұлға қалыптастыру.

Мектептің міндеттері:

- **нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде гимназияның іс-әрекетін жергілікті басқару органдарының ұсыныстарымен реттеу;**
- гимназия компоненті есебінен тереңдетіп оқытылатын пәндердің бағдарламаларын жоғары оқу орындары мамандарымен бірлесіп жасау;
- элективтік курстар есебінен оқу процесіне ғалымдарды тарту, ғылыми шығармашылықты дамыту;
- гуманитарлық пәндерді оқытуда тұлғатану, тарихтану, мәдениеттану бағыттары бойынша тақырыптық жобаларды жүзеге асыру;
- мектепшілік технопарк және модельдеу жобасын дайындау;
- жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша «Білім инновация» мектеп-интернатымен бірлескен олимпиада мектебі жобасын дайындау;
- «Цифрлы гимназия» жобасын жетілдіру аясында гимназия сайты дамыту, гимназияны басқару жүйесін цифрландыру;
- мұғалімдердің жеке қажеттіліктеріне қарай кәсіби біліктілігін арттырудың кешенді жоспарын дайындау;
- «Гимназиялық бақылау сынағын» жүргізу тетіктерін жетілдіру, оқушылардың білім сапасына сараптамалық талдауды дамыту және цифрландыру;
- оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған «Зияткер ата-ана» ата-аналардың қоғамдық, тәуелсіз кеңесін құру;
- Гимназия оқушыларының статусын қалыптастыру мен моделін айқындау мақсатында «Көшбасшы шәкірт» жобасын дайындау арқылы білім алушылардың жан-жақты даму рейтингісін жасау, бағалау, марапаттау, ынталандыру жұмыстарын ұйымдастыру
- педагог пен оқушының шығармашылық әлеуетін дамыту;
- бастауыш, орта және жоғары буынның жекелеген пәндерді оқыту және тәрбиелеу барысында сабақтастығын белсендіру;
- баланың денсаулығын сақтау, өз денсаулығын өзі күтуге, дене шынықтыруға мән беруге, балалардың және мұғалімдердің денсаулығын нығайтуға жағдай туғызу мүмкіндіктерін қарастыру;
- барлық білім беру деңгейлерінде пән мұғалімдерінің нәтижелі жоғары білім беруге қол жеткізуі;
- баланың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету;
- оқу-тәрбие үрдісінің Қазақстандық патриотизмге, халықтық салт-дәстүр мен тарихын құрметтейтін биік мәдениетке тәрбиелеуді мұрат еткен жаңа әдістер мен материалдарды біріктіру, жетілдіру, дамыту;
- оқыту мен тәрбиелеуде жаңа педагогикалық технологиялардың тиімділігін анықтау;
- ұстаздардың кәсіби біліктілігін, зияткерлік деңгейін, зерттеушілік қабілетін, шығармашылық деңгейін дамыту мақсатында ғылыми-әдістемелік зертханаларын құру;

- білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту бағытында қосымша үйірмелер ұйымдастыру;
 - оқу-педагогика үрдістерін жүйелі диагностикалау;
- мектеп бітірушілердің өзгермелі қоғамда оңай бейімделе алуы, білім алушылардың ізгілендіру мен адамгершілік позицияда өзін-өзі анықтап, өзін-өзі жүзеге асыруы үшін оңтайлы жағдай туғызу, икемді дағдыларды қалыптастыру.

2.5. МЕКТЕПТІ ДАМУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

- заманауи менеджмент жүйесін енгізу;
- білім беруді дамытудың мониторинг жүйесін жетілдіру;
- оқу процесін автоматтандыруды енгізу үшін жағдай жасау;
- мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, өмір бойы оқу;
- мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатында мұғалімдердің кәсіби қауымдастығының жұмысын тиімді пайдалану;
- білім беру үдерісіне жеті модуль идеяларын енгізу;
- мектептегі инклюзивті білім жүйесін жетілдіру;
- оқушылардың метатаным және метасанасын қалыптастыру;
- оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;
- кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу;
- жобалық оқытуды енгізу.

2.6. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ

Стратегиялық даму бағдарламасының құрылымы:


«Табысты гимназия - 2025» стратегиялық даму бағдарламасы «Заманауи мектеп» және «Жаңа ұрпақ» кешенді жоспарынан тұрады.

«Заманауи мектеп» кешенді жоспарынан:

1. «Шебер ұстаз» жобасы
2. «Цифрлы гимназия»
3. «Гимназиялық сапа»

«Жаңа ұрпақ» жоспарынан:

1. «Азамат»
2. «Саламат»
3. «Тұлға»
4. «Сәтті жобасы»



Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының «Заманауи мектеп» кешенді жоспарының «Шебер ұстаз» жобасы

Мақсаты:

Заманауи педагогикалық зерттеу дағдыларын меңгеріп, мектеп оқушыларының сапалы білім алуын қамтамасыз ететін, үздіксіз кәсіби дамитын, шебер ұстаз қалыптастыру.


Міндеттері:

- Педагогтардың біліктілігін жетілдіруі мен үздіксіз дамуына басшылық жасау;
- Мектептің даму бағдарламасын жоспарлауға және жүзеге асыруға педагогтардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету;
- Мемлекеттік білім беру стандарты мен оқу бағдарламаларының жүзеге асырылуын қадағалау;
- Қол жеткізілген нәтижелер мен даму деңгейі үдерісіне сараптау жасап, шығармашылық жұмысқа қолдау көрсету,
- Озық педагогикалық тәжірибенің таратылуын ұйымдастыру және қолдау,
- Кәсіби дамуды әдістемелік қолдау арқылы үздіксіз жетілуді қамтамасыз ету,
- Оқушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтиже:

- Педагогтардың біліктілігін жетілдіруі мен үздіксіз дамуы қамтамасыз етіледі;
- Мектептің даму бағдарламасын жоспарлауға және жүзеге асыруға педагогтар белсенді қатысады;
- Мемлекеттік білім беру стандарты талаптары мен оқу бағдарламалары орындалады;

- Қол жеткізілген нәтижелер мен даму деңгейі үдерісіне сараптау жасалып, шығармашылық жұмысқа қолдау көрсетіледі;
- Озық педагогикалық тәжірибе таратылып, мұғалімдердің кәсіби шеберлігі шындалады;
- Оқушылардың сапалы білім алуы қамтамасыз етіледі.



Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының «Заманауи мектеп» кешенді жоспарының «Цифрлы гимназия» жобасы

Мақсаты:

Оқу үдерісіне цифрлық технологияларды енгізу арқылы білім және тәрбие процесінің тиімділігі мен сапасын арттыру


Міндеттері:

- Барлық сатыдағы мектеп персоналдарының жұмыс орнын автоматтандыру жүйесін жүзеге асыру;
- Мектеп оқу кабинеттерінің цифрлы зертханалыры мен заманауи компьютерлерінің үлесін арттыру;
- Мұғалімдер мен білім алушылардың ақпараттық құзыреттілігін және компьютерлік сауаттылығын жетілдіру;
- Интернет желісіндегі сайттар арқылы білім мекемесінің және мұғалімдер мен оқушылардың ақпараттық кеңістігін кеңейтуге мүмкіндік жасау.

Күтілетін нәтижесі:

- Мектептің цифрлы білім беру контентін қалыптастыру;
- Барлық сатыдағы мектеп персоналдарының жұмыс орны автоматтандырылады;
- Мектеп сайтының мазмұндық сапасы мен жұмыс істеу мүмкіндіктері артады;
- Цифрландыру жүйесі арқылы сапалы форматтағы білім алу қолжетімділігі қалыптасады;
- Мектеп басқаруының әділ де, ашық кеңістігі жасалады.

-Жаңа форматты тәрбиелеу технологияларды тиімді жүргізу негізінде, оқушыларды сыни ойлау дағдысы мен құқықтық сауаттылығы артады.



Ғани Мұратбаев гимназиясының «Жаңа ұрпақ» кешенді жоспарының «Тұлға» жобасы

Мақсаты:

Заманауи білім мен зерттеуді меңгеріп, ұлттық ерекшеліктерді бойына сіңірген, икемді дағдыларға ие тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

- дарынды балаларды анықтау және жұмыс жүйесін жасау;
- дербес сөйлау дағдылары мен ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін жетілдіретін жұмыс жүйесін қалыптастыру;
- оқушыларға ғылым негіздері туралы білімді меңгерту арқылы ғылыми дүниетанымының дамуын жетілдіру;
- танымдық қызығушылықтары мен танымдық белсенділіктерін арттыру;
- оқушылардың бойында дайындық деңгейін көтеру және білімді үздіксіз толықтырып отыру қажеттіліктерін дамыту;
- оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен таныстыру;
- кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында оқушылардың дара ерекшеліктерін зерттеу.

Күтілетін нәтиже:

- дербес ойлау дағдылары мен ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін жетілдіретін жұмыс жүйесі қалыптасады;
- оқушылардың ғылыми дүниетанымы қалыптасады;
- оқушылардың танымдық қызығушылықтары мен танымдық белсенділіктері артады;
- кәсіптік қызығуы мен бейімділігі дамиды;

- оқушылардың бойында дайындық деңгейін көтеру және білімді үздіксіз толықтырып отыру қажеттіліктері дамиды.

I. «Мұрагер» шығармашылық орталығы

1. «Самғау» би ансамблі
2. «Ән қанатында» өнерлі балалар байқауы
3. «Қазына» қолөнер көрме жәрмеңкесі
4. «Атамұра» домбыра ансамблі
5. «Сөз зергері» көркемсөз оқу байқауы

II. «Икемді дағдылар» кәсіби бағдарлау орталығы


2. «Өндіріс орындарына саяхат» іс-шарасы
3. «Идеядан бизнеске» бизнес жобалар клубы
4. Табысты адамдар кеңесі
5. «Менің қолымнан бәрі келеді» іс шарасы

III. «Олимп шыңы» кіші олимпиада мектебі

2. Қашықтық олимпиада
3. Интеллектуалдық олимпиада
4. Пәндік олимпиада

IV. «Жас толқын» ОҒҚ

1. «Кішкентай ғалымдар» зерттеушілер клубы
2. «Зерде» ғылыми орталығы
3. «Креативті жобалар» байқауы



Ғани Мұратбаев гимназиясының «Жаңа ұрпақ» кешенді жоспарының «Саламат» жобасы


Мақсаты: Жан-жақты дамыған, рухани бай, өз ойын еркін айта алатын, адамгершілік тұрғыда және интеллектуалды даму деңгейі жоғары, қоршаған ортамен үйлесімді қатынаста болатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- Алған білім, біліктерін өмірде пайдалана білуге машықтандыру;
- Оқушыларды өзін-өзі басқару перспективалары мен концепциялары негізінде көшбасшылыққа тәрбиелеу;
- Оқушылардың өзін-өзі құрметтеу деңгейін көтере отырып, қоршаған ортаға эмоционалдық жағымды қатынастарды дамыту;
- Табиғатты қорғау және өзгертуге байланысты оқушыларды жаппай қоғамдық пайдалы еңбекке қосу.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушыларда логикалық және сараптамалық ойлау жүйесі дамиды.
- Эстетикалық қасиеттерді түсінеді.
- Спорттық іс-шараларда белсенді көшбасшы болу жолын іздейді.
- Әлеуметтік-психологиялық тұрғыда қалыптасады.
- Оқушылар өз идеяларын жан-жақты дәлелдеудің жолдарын іздеп, қалыптасады.
- Зияткерлік пайымдау, заманауи жаңа идеяларды ұсынып, табанды және сенімді ұстанымда болады.
- Мектепте экологиялық білім және тәрбие құрамдас кіріктірілген жұмыстар ұйымдастырылады.



Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының «Жаңа ұрпақ» кешенді жоспарының «Сәтті қадам» жобасы

Мақсаты:

Жас жеткіншектерді ұлттық код негізінде тәрбиелеу арқылы рухани санасын жаңғырту.

Мідеттері:

- жас буынның бәсекеге қабілетті ұрпақ ретіндегі білім алуға деген құлшынысын арттырумен қатар, сапалы іс-шаралардың маңыздылығын арттыру;
- оқушыларға рухани және адамгершілік тәрбие беру бағытында ізгілік, шеберлік, икемділік қабілеттерін қалыптастыру;
22	«Қиын»балалардың шығу төркіні неде?(пед. кеңесте, сынып жетекшілер семинарларында, ата-аналар жиналыстарында, директор жанындағы кеңесте, оқушылар отырыстарында, сынып сағаттарында осы мәселені карау)	Желтоқсан	Хаттама	Тәрбие орталығы
23	Жасөспірімдердің қайталап қылмыс жасау жағдайларын болдырмау шараларын ұйымдастыру мақсатында	Қаңтар	Хаттама	ДҚТІЖО Мектеп инспекторы

	«Заң және жасөспірім» пікіралмасу			
24	АІБ-де есепте тұрған оқушылардың құқық бұзушылықтың алдын алу шараларына (айлық, акция, пікір-сайыс, тренингтер т.б.), спорттық және түрлі үйірмелерге кеңінен қатыстыру	Тоқсан сайын	Анықтама	ДҚТІЖО Пед ұйымдастыру шы
25	Есепте тұрған оқушылардың ата-аналарынан жазбаша түрде рұқсат ала отырып, түзету мекемелеріне экскурсиясын ұйымдастыру	Ақпан	Анықтама	ДҚТІЖО Мектеп инспекторы
26	Мектеп оқушылары арасында «Агрессияны қалай төмендетуге болады?» тақырыбында тренинг ұйымдастыру	Ақпан	Хаттама	Педагог-психолог
27	Ата-аналар мен оқушылар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуға, құқықтық сананы қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру	Наурыз	Хаттама	ДҚТІЖО Мектеп инспекторы
28	Мектептерде құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестердің жұмысын күшейту, құқықбұзушылыққа бейім жасөспірімдермен профилактикалық жұмыс жүргізу	Тоқсан сайын Сәуір	Анықтама	ДҚТІЖО
29	Мектепшілік ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында қосымша біліммен қамту, мектепшілік және мектептен тыс мекемелердегі үйірмелер мен спорттық секцияларға тарту	Мамыр	Анықтама	ДҚТІЖО

3.10. «Ұлағат» әкелер клубының жылдық жұмыс жоспары 2022-2023 оқу жылы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау Мерзімі
1	«Ұлағат» әкелер мектебінің жоспарын жасап, бекіту	Жоспар	ДҚТІЖО	Қыркүйек
2	«Бала тәрбиесі қоғам тәрбиесі» дөңгелек үстел	Анықтама	ДҚТІЖО Мектеп инспекторы	Қыркүйек
3	«Ұлдарға кеңес» пікір алмасу	Анықтама	ДҚТІЖО	Қазан
4	«Ұлдар гигиенасы» дәріс оқу	Анықтама	ДҚТІЖО Медбике	Қараша
5	«Ер азамат атына лайық бол» кездесу кеші	Хаттама	ДҚТІЖО	Желтоқсан
6	Мұғалімдермен бірлескен түнгі	Анықтама	Тәрбие	Ай сайын

	рейд жүргізу		орталығы	
7	«Ер мінезді ұрпақ тәрбиелеу» кеңес беру	Анықтама	ДҚТІЖО Мектеп инспекторы Психолог	Қаңтар
8	«Ер бала тәрбиесі» психологиялық кеңес	Хаттама	ДҚТІЖО Психолог	Наурыз
9	«Тәрбиесіндегі әкенің рөлі» кездесу кеші	Хаттама	Тәрбие орталығы	Мамыр

3.11. Діни экстремизмнің алдын алу бойынша жылдық жұмыс жоспары 2022-2023 оқу жылы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау Мерзімі
1	Білім беру мекемелерінде өз еркімен немесе ата-аналарының ықпалымен діни қысымға тартылған оқушыларды анықтау және оларды мектепшілік есепке алу, олармен профилактика жұмыстарын жүргізу	Жоспар	ДҚТІЖО	Қыркүйек
2	Мектепте мешітке баратын және намаз оқитын оқушылардың тізімін жасау және үнемі бақылауда ұстау	Хаттама	ДҚТІЖО АӘД пәні мұғалімі	Үнемі
3	Мектептің Жарғысының, ішкі тәртіп Ережелерінің, ата-аналармен келісім-шарт парақтарының талапқа сай құрылуын қадағалау және оның орындалуын бақылауда ұстау	Хаттама	ДҚТІЖО	Қыркүйек
4	Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындамай, бастарына орамал тағып келетін оқушылардың тізімін алу, олардың ата-аналарымен заң талаптарына байланысты жұмыс жүргізу.	Анықтама	ДҚТІЖО	Қыркүйек
5	«Діни сауаттылықты арттыру- қоғам сұранысы » тақырыбында оқушылар мен мұғалімдер арасында бөлім және мектеп басшыларының брифингтерін өткізу	Анықтама	ДҚТІЖО Дінтану пәнінің мұғалімі	Қазан
6	Білім беру ұйымдарында оқып жатқан тұлғаларда білім беру үдерісі барысында радикалды діни ағымдардың теріс мәні жөнінде негізгі білімдерін қалыптастыру мақсатында «Қазіргі заманғы діни экстремизм мен терроризмнің зардаптары» тақырыбында 9-10 сынып оқушылары арасында дебат турнирін өткізу.	Хаттама	ДҚТІЖО дінтану пәнінің мұғалімі	Қараша
7	Орта мектептердің жоғары сыныптардың оқушыларына тәрбиеге және жастардың	Анықтама	ДҚТІЖО	Желтоқсан

	теріс пиғылды діни идеологияны тұрақты қабылдамауын қалыптастыруға бағытталған тақырыптық роликтерді (фильмдерді) тұрақты көрсетудің тәжірибесін ұйымдастыру.			
8	«Мен және қоғам» тақырыбында оқушылар арасында психологиялық тренингтер ұйымдастыру	Дәлел құжаттар	«Зайырлылық және дінтану негіздері пәнінің мұғалімі»	Қаңтар
9	Оқушылардың діни сауаттылығын арттыру мақсатында сауалнама жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру	Хаттама	ДҚТІЖО	I, II-жартыжылдық та
10	Ата-аналар арасында құқық қорғау органдарымен бірге «Бала тәрбиесіне тиісінше мән береміз бе?» тақырыбында дискуссия алаңын өткізу	Анықтама	ДҚТІЖО Дінтану пәнінің мұғалімі	Ақпан
11	Қыздармен, ұлдармен жүргізілетін жұмыстар барысында «Қоғам және Заң» тақырыбындағы іс-шаралар ұйымдастыра отырып, оған осы бағыттағы мәселелерді енгізу және нәтижеге бағытталған жеке жұмыстарды жүйелі жүргізу	Дәлел құжаттар	«Зайырлылық және дінтану негіздері пәнінің мұғалімі»	Наурыз-сәуір
12	«Оқушылар арасында діни экстремизмнің алдын алу бағытындағы жұмыстарды өткізуге нұсқаулықтар» шығару және оны аудан көлемінде тарату	Дәлел құжаттар	ДҚТІЖО	I жартыжылдық та
13	Мектеп жасындағы оқушы балалардың шетелдік діни оқу орындарына кетуінің алдын алу мақсатында «Шет елде діни білім алу: проблемалары мен шешу жолдары» тақырыбында онлайн сабақтар өткізу.	Дәлел құжаттар	ДҚТІЖО	Наурыз
14	Міндетті мектеп формасын сақтау мақсатында бекітілген мектеп формасы туралы мектептің бұйрығын шығару, ата-аналар жиналысын өткізу, ата-аналармен келісім-шарттар құру, жаңа оқу жылына байланысты ата-аналарға алдын алу түсіндіру жұмыстарын жүргізу,	Бұйрық, хаттама, келісім-шарт	ДҚТІЖО	Мамыр
15	Балалардың жазғы сауықтыру лагерьлерінде «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» тақырыбында толеранттылық сабақтарын ұйымдастыру.	Дәлел құжаттар	ДҚТІЖО	Маусым

**3.12. Нашақорлық пен уытқұмарлықтың алдын алудың кешенді іс-шаралар жоспары
2022-2023 оқу жылы**

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау Мерзімі
1	Мектептердегі «Наркобекет» жұмыстарын ұйымдастыру, жоспар құру, бекіту.	Жоспар	ДҚТІЖО	Қыркүйек
2	Оқушылар арасында психоактивті, токсиндік, спирттік, темекі заттарды пайдаланғандарды анықтау және жұмыс жүргізу	Хаттама	ДҚТІЖО Медбике	Қазан
3	Мектеп инспекторларымен бірге 5-11 сынып оқушылары арасында зиянды әдеттердің алдын алу мақсатында рейдтік іс-шаралар ұйымдастыру	Хаттама	ДҚТІЖО Медбике	Айына 1 рет
4	Аудандық аурухана қызметкерлерімен бірге 5-11 сынып оқушылары арасында «Денсаулығымыз өз қолымызда» тақырыбында брифингтер өткізу	Анықтама	Сынып жетекшілер	Қараша
5	Оқушылар арасында «Нашақорлықсыз болашақ» тақырыбында фотосуреттер мен плакаттар байқауларын ұйымдастыру	Анықтама	ДҚТІЖО Сынып жетекшілер	Желтоқсан
6	«Денсаулығы мықты ұрпақ-денсаулығы мықты ұлт» ата-аналар арасында ашық әңгіме өткізу	Анықтама	ДҚТІЖО Мектеп инспекторы	Қаңтар
7	«Сіз өз денсаулығыңыз туралы толық білесіз бе?» тақырыбында мектеп дәліздері мен кітапхана, дәрігер кабинеттерінде бұрыштар ұйымдастыру	Дәлел құжаттар	Сынып жетекшілер	Үнемі
8	Жастар арасында нашақорлықтың алдын алуға қарсы арнайы әзірленген нұсқаулықтарды таратуды және бейнероликтерді көрсетуді ұйымдастыру	Сараптама	ДҚТІЖО	Ақпан
9	«Спорт –денсаулық кепілі» түрлі спорттық іс-шараларды ұйымдастыра отырып, нашақорлықтың алдын алуды насихаттау	Дәлел құжаттар	ДҚТІЖО	Наурыз
10	«Жастар нашақорлыққа қарсы!» атты флеш-мобтар өткізу	Дәлел құжаттар	ДҚТІЖО	Сәуір
11	Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсылық көзқарасты қалыптастыру бағытында «Нашақорлыққа қарсы күрес» тақырыбында апталық өткізу	Дәлел құжаттар	ДҚТІЖО	Мамыр
12	5-11 сынып оқушыларынан нашақорлық пен есірткі бизнесіне көқарасын анықтау мақсатында жасырын сауалнама жұмыстарын жүргізу	Дәлел құжаттар	ДҚТІЖО	І-ІІ жартыжылдықта

13	Мектеп жанындағы жазғы лагерь демалушылары арасында «Біз нашақорлықсыз әлемді таңдаймыз!» тақырыбында 1 күндік іс-шарасын ұйымдастыру	Дәлел құжаттар	ДҚТІЖО	Маусым
----	---	----------------	--------	--------

3.13. «Ұлағат» ұлдар клубының жұмыс жоспары 2022-2023 оқу жылы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау Мерзімі
1	«Ұлағат» ұлдар клубының жұмыс жоспарын жасау, бекіту	Жоспар	ДҚТІЖО	Қыркүйек
2	«Тәртіпке бағын жасыңнан» жиналыс	Хаттама	ДҚТІЖО Мектеп инспекторы	Ай сайын
3	Ұлдардың тәртібін, жүріс – тұрысын, мінез – құлықтарының қалыптасуына ықпал етіп отыру	Хаттама	ДҚТІЖО Мектеп инспекторы Психолог	Қазан
4	«Ұлдарға кеңес» пікір алмасу	Хаттама	ДҚТІЖО Психолог	Қараша
5	Мектептің ішкі, сыртқы ережелерін бұлжытпай сақтап отыру.	Хаттама	ДҚТІЖО Мектеп инспекторы	Ар тоқсан сайын
6	Ұлдар гигиенасы туралы дәрігер кеңесі	Анықтама	ДҚТІЖО Медбике	Желтоқсан
7	«Маған өмір керек, мен өмірге керекпін» дөңгелек үстел	Анықтама	ДҚТІЖО Психолог	Қаңтар
8	«Бір бала-бір ағаш» көктем мезгіліне орай мектеп айналысына көшеттер отырғызу	Анықтама	Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер	Наурыз
9	«Тәртіп – тәрбие бастауы, тәртіпсіздік өміріңнің қас жауы» дөңгелек үстел	Хаттама	ДҚТІЖО Мектеп инспекторы	Сәуір

3.14. Мемлекеттік рәміздерді орналастыру мен насихаттаудың жылдық жұмыс жоспары 2022-2023 оқу жылы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау Мерзімі
1	Оқу жылының басталуына орай білім беру ұйымдарындағы мемлекеттік рәміздердің талапқа сай орналасуын қамтамасыз ету	Жоспар	ДҚТІЖО	Қыркүйек
2	Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2018 жылдың 28-	Анықтама	ДҚТІЖО	Қыркүйек

	тамызы күнгі №03-4846 хатына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графигіне көшіру туралы» Жарлығымен таныстыру және бюджетті жоспарлауда ескеру.			
3	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін латын әріпіне кезең-кезеңмен ауысуын қамтамасыз ету	Анықтама	ДҚТЖО	Қазан
4	«Біздің Елтаңбамыз», «Қазақстан туы-бейбітшілік туы» тақырыптарында бірыңғай ашық сынып сағаттарын өткізу	Анықтама	Мектеп кітапханашысы	Қараша
5	Білім беру мекемелерінде «Мемлекеттік рәміздер-ұлт мақтанышы», «Мемлекеттік рәміздерге құрмет», «Қазақтың рәміздері тарихынан» ақпараттық сағаттар өткізу	Анықтама	Сынып жетекшілері	Қаңтар
6	Оқушылар арасында ҚР мемлекеттік рәміздерге байланысты тақырыптық сурет, шығарма, эссе байқауларын өткізу	Анықтама	Сынып жетекшілер	Ақпан-наурыз
7	Мемлекеттік рәміздердің тозуына байланысты немесе жарамсыз күйге түскен жағдайларда комиссия шешімімен кесім жасалып, ережеге сәйкес жойылуын және қайта жаңартылуын дер кезінде ұйымдастыру	Анықтама	Дебат үйірмесінің жетекшісі	Уақытылы
8	Мектеп басшылары арасында ҚР мемлекеттік рәміздерінің қолданылуы туралы құқықтық сабақтар өткізу	Дәлел құжат	ДҚТЖО Сынып жетекшілер	Сәуір
9	Мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерлерінде 4 маусым –ҚР мемлекеттік рәміздер күніне орай «Рәміздерім-мақтанашым!» атты акция ұйымдастыру	Анықтама	ДҚТЖО	Маусым

3.15. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жылдық жұмыс жоспары 2021-2022 оқу жылы

Мақсаты мен міндеттері

«Жас Ұланның» мақсаты:

- Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

«Жас Ұланның» міндеттері:

• Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;

• Балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;

• Танымдық жұмыстарды ынталандыру;

• Балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;

• Жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Басым бағыттары:

1. «Зерде» (танымдық) бағыты

2. «Руханият» (адамгершілік, адалдық) бағыты

3. «Отан» (патриоттық) бағыты

4. «Салауат» (салауатты өмір салты) бағыты

5. «Еңбек» (еңбексүйгіштік, іскерлік) бағыты

6. «Экоәлем» (экологиялық) бағыт

7. «Жеті жарғы» (құқықтық) бағыты

«Зерде» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» интеллектуалдық мәдениетін, ойлау қабілетінің белсенділігін, ақыл- ой деңгейін және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға, туындаған мәселелерді шешу, жоспар құру және өзіндік өмірлік іс-әрекеттеріңді басқаруға, бүгінгі жана ғылыми дүниетанымды иегеруіне, балалардың интеллектуалдық ойындарға, дебаттарға, олимпиадаларға, жобаларға және зерттеу жұмыстарына қатысуына әсер ететін бағыт. Өзін-өзі тану, отбасы және қоршаған орта туралы толық білу, осы заманға ғылыми және мәдени біліммен қарулану, өз елінде және өзге елде болып жатқан жаңалықтармен танысу. Сабактан уақытта оқушылардың зияткерлік деңгейінің көтерілуін жан-жақты көзқарасының кеңейуін жетілдіруге, үнемі ізденіс пен білімге деген құштарлығын арттыруға ықпал ететін шараларды қамтиды.

«Руханият» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» өзіндік және басқа халықтардың адамгершілік, этикалық, бейнелеу- эстетикалық негіздерін дамытуға және қалыптастыруға, өз түсініктеріңді басқа адамдар мен әлеуметтік топтардың қызығушылықтарымен біріктіруге, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруға, қоғамның қазіргі құрылымын түсінуге және осы қоғамда әлеуметтік-адамгершілік құндылықтар және әлеуметтік бағыттар негізінде қызмет етуге мүмкіндік беретін бағыт. Балалар мен жас жеткіншектерді жалпы адамгершілік қасиеттерге ие боуға және Отанға, еңбекке, жалпы қоршаған ортаға, өзінің жеке тұлғасына деген сезімін тәрбиелеу. Даму және дамыту, ізгілік пен парасаттылық қасиеттерін сіңдірту. Жақсылық атаулыға деген

арттырып, жамандыққа жол бермейтін ата- ана, туыс, достар, ұжым, халық, Отан алдындағы парызды сезінетін, адалдық, адамгершілік ұстанымдарды берік сақтауға үйрететін шараларды қамтиды.

«Отан» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» санасында қазақстандық танымның және мәдени түсініктің қалыптасуына, азаматтық парыздың орындалуына, толеранттылық пен патриоттық, отанға қызмет етудің маңыздылығы, өз халқың үшін мақтаныш сезімі, мемлекеттік рәміздерді, мемлекеттің және туған өлкеңнің идеологиялық негіздерін білуге жағдай жасайтын бағыт. Отанымыз Қазақстанның өткен тарихы мен оның қалыптасу, даму, нығайту жолдарымен таныстыратын, халық тарихына қатысты ұлы тұлғалар жөнінде білім беретін, әдеби және мәдени құндылықтарды насихаттайтын, шетелде тұратын қазақ балаларымен байланыс орнатуға ықпал жасайтын, жалпы халықтық мейрам – мерекелерді өткізуді, мемлекеттік тілді меңгертіп, оның қолдану аясын кеңейтуне бағытталған шараларды қамтиды.

«Салауат» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» салауатты өмір салтын қалыптастыруға, спорттық, туристік, экспедициялық және өлкетанушылық бағдарламаларды ұйымдастыру арқылы дене шынықтыруды дамытуға әсер ететін бағыт. Ағзаны шынықтыратын, дененің дұрыс қалыптасуын, мүсіннің сымбатты болуын қамтамасыз ететін, гигиеналық дағдыларға баулитын, ұлттық ойындарды меңгертетін, олардың пайда болу және даму тарихымен таныстыратын, салауатты өмір салтын насихаттайтын, ірі спорттық жетістіктерге ынталандыратын, әр кезеңдегі спорт саңлақтарының өмірі мен спорттағы жетістіктерімен таныстыратын іс-шараларды қамтиды.

«Еңбек» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» бойында еңбектің ең бірінші өмірлік қажеттілік, өмірліктабыстарға жетудің басты тәсілі мен жоғары құндылық екендігін түсіндіретін, олардың мамандандырылған бейініне әсер ететін, «бизнес-инкубаторлар» мен балалар кәсіпорындарын құру арқылы кәсіптік білім беретін, кәсіпкерлік, экономикалық және құқықтық біліктіліктерін қалыптастыратын бағыт. Жеке тұлға ретінде қалыптасуға ықпал ететін, қоғамдық негізде қйымдастырылған жұмыстарға қатысу, өзі тұратын өңірде кең таралған еібек түрлерімен танысу арқылы қажетті еңбек дағдыларын үйрету. Туған өңірінде ір кезеңде еңбегімен танымал болған, атақты тұлғалардың өмірі мен еңбектегі жетістіктерімен таныстырып, оны мақтаныш етуге, өнер түрлері және еңбек рахатын, сқлулығын сезіне білуге ықпал ететін шаралар қамтиды

«Жеті жарғы» бағыты- мектеп Жарғысын,оқушыларға арналған мінез – құлық ережелерін білуге,оны сақтауға, мемлекет пен оның заңдарын құрметтеп қарауға, жеткіншектердің күнделікті өмірде өздерінің жүріс-тұрысына басшылық жасай білуіне ықпал ететін, өз мемлекетінің азаматтарына қамқорлықпен қарап, ел байлығын халық игілігіне жұмсауға ат салысатын оқушылардың азаматтық белсенділігін қалыптастыруға, заң бұзушылыққа

қарсы күресуге ықпал ететін шараларды, жастар арасында әр түрлі жүргізілетін әлеуметтік-құқықтық маңызы бар шараларды қамтиды.

«Экоәлем» бағыты-табиғат туралы түсініктерін кеңейтуге, табиғат пен адамзат арасындағы байланысты сезінуге, қоршаған орта сұлулығын сезінуге және көре білуге, оны қорғауға, туған өлке табиғатын танып білуге, экологиялық мәдениетті қалыптастыруғы, экологиялық зардаптардың себебін түсініп, оны жоюға ұмтылатын, жалпы экологиялық мәселенің адамзат тіршілігіне тікелей байланысын сезінуге ықпал ететін шараларды қамтиды

Республикалық бірінші «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Бағыты	Жүзеге асыру мерзімі	Жауапты
Қыркүйек					
1	1-Қыркүйек білім күніне орай салтанатты жиын	Анықтама	Руханият	1 апта	ДТІЖО Сатенов Қ тәлімгер
2	«Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспарын құру	Жоспар	Жеті жарғы	1 апта	Тәлімгер
3	«Жас Ұлан» ұйымына қабылданған жалпы оқушылардың тізімін жасау.	Хаттама	Зерде	1 апта	Тәлімгер
4	«Абайлаңыз, балалар!» Жол апатының алдын-алу іс-шара.	Хаттама	Жеті жарғы	1-2 апта	ДҚТІЖО, мектеп инспекторы, тәлімгер, сынып жетекшілер
5	Балалар жылына орай «World Cleanup day» «Дүниежүзілік Тазалық Күні» акциясы Сенбіліктер өткізу	Анықтама немесе мәлімет	Экоәлем	1-2 апта	ДТІЖО Сатенов Қ, тәлімгер сынып жетекші
6	Балалар жылына орай Денсаулық фестивалі спорттық іс-шара	Анықтама немесе мәлімет	Зерде	2 апта	ДТІЖО Сатенов Қ Тәлімгер, сынып жетекшілер
7	Тіл апталығы барысында іс-шара Балалар жылына орай Мұхтар Әуезовтың 125 жылдығына орай мәнерлеп оқу жарысы	Анықтама немесе мәлімет	Зерде	2 апта	ДТІЖО Сатенов Қ Тәлімгер, қазақ тілі бірлестігі, сынып жетекшілер
8	«Көшбасшы» Ұланбасын тағайындау	Анықтама немесе мәлімет	Салауат	3 апта	5-9 сыныптар, тәлімгер, дене шынықтыру пәні бірлестігі
9	Мен үйде тазалық ережелерін қалай сақтаймын?! Бейнетаныстырылым	Анықтама немесе мәлімет	Еңбек	4 апта	ДТІЖО Сатенов Қ тәлімгер, сынып жетекшілер

10	«Хобби әлемі» қосымша білім беру бұйымдары ұсынатын топтармен, клубтармен, студиялармен үйірмелермен танысу	Анықтама	Зерде	4 апта	ДТІЖО Сатенов Қ тәлімгер, сынып жетекшілер
Қазан					
11	«Бәріміз бірге, көмекке» дайынбыз» қарттарға көмек көрсету	Анықтама немесе мәлімет	Отан	1 апта	ДТІЖО Сатенов Қ тәлімгер, сынып жетекшілер
12	«Ұстазым, менің ұстазым» Мерекелік кеш	Анықтама немесе мәлімет	Руханият	1 апта	Тәлімгер, сынып жетекшілер Жасұландықтар
13	«Туған жерімнің шырайлы жерлеріне» саяхат (5-7) сынып	Анықтама немесе мәлімет	Отан	2 апта	ДТІЖО Сатенов Қ тәлімгер
14	Балалар жылына орай «World Cleanup day» «Дүниежүзілік Тазалық Күні» акциясы. Сенбіліктер өткізу	Анықтама немесе мәлімет	Экоәлем	3 апта	Тәлімгер, сынып жетекшілер
Қараша					
15	«Ұлы даланың жеті қыры» мұражайдағы танымдық кездесу	Анықтама немесе мәлімет	Еңбек	2 апта	Тәлімгер, сынып жетекшілер
16	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері ұлт мақтанышы» дөңгелек үстел	Анықтама немесе мәлімет	Зерде	2 апта	Сурет пәні мұғалімдері, Тәлімгер
16	«Полицияның үздік жас көмекшілері» байқауы	Анықтама немесе мәлімет	Жеті жарғы	3 апта	Тәлімгер, сынып жетекшілер, мектеп медбикесі
	«Отбасы – орта мектеп» жобасы «Жеті ақтанды білесіңбе?» сайыс өткізу	Анықтама немесе мәлімет	Зерде	3 апта	Тәлімгер
	«Табиғатты аялайық» экологиялық челлендж	Анықтама немесе мәлімет	Экоәлем	3 апта	Тәлімгер, Биология пәні мұғалімдері
Желтоқсан					
17	Балалар жылына орай «Сиқырлы қыс» жасқырандықтарының арасында сурет байқауы	Анықтама немесе мәлімет	Еңбек	1 апта	ДТІЖО Сатенов Қ тәлімгер, сынып жетекшілер, сурет пәні мұғалімдері.
	«Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында экскурсия ұйымдастыру	Анықтама немесе мәлімет	Отан	1 апта	Тәлімгер, сынып жетекші
18	Қыста абай бол балақай! тақырыбында түсіндіру жұмыстары	Анықтама немесе мәлімет	Жеті жарғы	1 апта	ДҚТІЖО, мектеп инспекторы, тәлімгер, сынып

					жетекшілер.
19	16 Желтоқсан ҚР Тәуелсіздігі күніне орай «Ұланымыз Ұлы Елдің» тақырыбында «Жас Ұлан» ұйымына оқушыларды қабылдау	Анықтама немесе мәлімет	Жеті жарғы	2 апта	ДТІЖО Сатенов Қ Тәлімгер, сынып жетекшілер.
20	«Қысқы пейзаж» атты сурет көрмесі	Анықтама немесе мәлімет	Руханият	3-4 апта	ДТІЖО Сатенов Қ тәлімгер, сынып жетекшілер.
Қаңтар					
22 1	«Дені сау бала, дені сау ұлт» эстафеталық ойындар, түсіндірме жұмыстары	Анықтама немесе мәлімет	Салауат	1 апта	ДТІЖО Сатенов Қ тәлімгер, денешынықтыру пәні мұғалімдері, сынып жетекшілер.
22	II.«Жас Ұланның-Жұлдызы» ән байқау	Анықтама немесе мәлімет	Руханият	2 апта	ДТІЖО Сатенов Қ тәлімгер, сынып жетекшілер.
23	«Таза ғаламшар» Экалогиялық акция	Анықтама немесе мәлімет	Еңбек	3 апта	ДТІЖО Сатенов Қ тәлімгер
24	Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына орай мерекелік іс-шара	Анықтама немесе мәлімет	Отан	4 апта	ДТІЖО Сатенов Қ тәлімгер
Ақпан					
26	Ауған соғысы ардагерлеріне арналған іс-шара. Ауған соғысы ардагерлерін құттықтау	Анықтама немесе мәлімет	Отан	2 апта	Тәлімгер, сынып жетекшілер.
27	Ұлттық «Асық ату» ойыны байқау	Анықтама немесе мәлімет	Салауат	3 апта	Тәлімгер, дене шынықтыру пән мұғалімдері
28	«Жол қауіпсіздік акциясы аясында іс-шара Түсіндіру жұмыстары	Анықтама немесе мәлімет	Жеті жарғы	4 апта	Тәлімгер, сынып жетекшілер.
Наурыз					
29	Алғыс айту күніне орай жасұландықтар «Мың Алғыс» тақырыбында алғыс айту лебізін білдіру.	Анықтама немесе мәлімет	Зерде	1 апта	Тәлімгер, сынып жетекшілер.
30	8-наурыз мерекесіне орай іс-шара Ардагер ұстаз аналарды құттықтау	Анықтама немесе мәлімет	Руханият	2 апта	Тәлімгер, сынып жетекшілер.
	«Рухани Жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында «Тараздың ежелгі ескерткіштері» саяхат	Анықтама немесе мәлімет	Отан	2 апта	Тәлімгер, тарих пәнінің мұғалімі
31	22-наурыз мерекесіне орай	Анықтама	Руханият	3 апта	ДТІЖО Сатенов Қ

	«Наурыз- жыл басы» тақырыбындағы іс-шара Әз Наурыз мерекесімен құттықтау	немесе мәлімет			тәлімгер, сынып жетекшілер.
Сәуір					
33	Ғ.Байтасов еске алу күніне орай «Ерлікке тағзым» Ерлік сағаты Еске алу	Анықтама немесе мәлімет	Отан	1 апта	ДТІЖО Сатенов Қ тәлімгер, сынып жетекшілер
34	7 сәуір Дүние жүзілік денсаулық күні «Дені саудың - жаны сау» Спорттық ойындар	Анықтама немесе мәлімет	Салауат	1 апта	ДТІЖО Сатенов Қ тәлімгер, денешынықтыру пәні мұғалімдері, сынып жетекшілер.
35	«Жас жол инспекторлары» бақау	Анықтама немесе мәлімет	Жетіжарғы	2 апта	ДҚТІЖО, мектеп инспекторы, тәлімгер, сынып жетекшілер
36	«Жасыл ел» қозғалысы аясында «Өскен өңір!» көгалдандыру, жас көшеттер отырғызу	Анықтама немесе мәлімет	Экоәлем	4 апта	ДҚТІЖО Сатенов Қ тәлімгер, сынып жетекшілер.
37	1 мамыр Ынтымақ күніне орай «Жас Ұлан» ұйымына оқушыларды қабылдау	Анықтама немесе мәлімет	Жетіжарғы	4 апта	ДҚТІЖО Сатенов Қ тәлімгер, сынып жетекшілер.
Мамыр					
38	Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне құрмет Құрмет көрсету, құттықтау	Анықтама немесе мәлімет	Отан	1 апта	ДҚТІЖО Сатенов Қ тәлімгер, сынып жетекшілер
39	Аудандық , қалалық мұражайларға саяхат	Анықтама немесе мәлімет	Отан	2 апта	ДҚТІЖО Сатенов Қ тәлімгер, сынып жетекшілер
40	Соңғы қоңырауға арналған іс-шара. «Жас Ұлан» ұйымының қатарындағы оқушыларды марапаттау	Анықтама немесе мәлімет	Зерде	4 апта	ДҚТІЖО Сатенов Қ тәлімгер, сынып жетекшілер.

3.16. «Білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялаудың ұйымдастыру-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы ғылыми-педагогикалық эксперименттік жұмысының тұжырымдамасы

Кіріспе

Зерттеудің өзектілігі. Қоғам дамуының қазіргі кезеңі заманауи білім беру жүйесінің алдына саяси, әлеуметтік-экономикалық, дүниетанымдық және басқа факторларға байланысты бірқатар түбегейлі жаңа мәселелерді қойып отыр, бірақ олардың ішінде білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыру мен цифрландыру қажеттілігін атап өту керек.

Соңғы онжылдықта жалпы орта білім беру жүйесіне цифрлық технологияларды енгізуге көп көңіл бөлінді. Кезең салыстырмалы түрде қысқа, бірақ соған қарамастан оларды игеру мен білім беру процесінде қолдану айтарлықтай айырмашылықтарға ие, өйткені бұл технологиялардың құрамы мен сапасының өзгеруіне, сондай-ақ оларды қолданудың педагогикалық стратегияларының жаңаруына байланысты.

Цифрлық құралдардың дамуындағы әрбір жаңа кезең білім беру процесін өзгертеді және оның тиімділігіне де әсер етеді. Бұл әсер ету шарасына объективті баға беру өте проблемалы, өйткені қазіргі ақпараттық білім беру ортасының мазмұны мен құралдары, әрине, білім сапасына әсер ететін маңызды, бірақ жалғыз факторлар емес.

Бүгінгі таңда «цифрландыру» сөзі ешкімге сұрақ туғызбайды, өйткені бұл термин соңғы уақытта өте танымал болды. Ғылымның әртүрлі салаларында «цифрлық экожүйе», «цифрлық орта», «цифрлық қоғамдастық», «цифрлық экономика», «білім беруді цифрландыру» сияқты ұғымдарды естуге болады. Адамдар саналы түрде «цифрландыру» сөзінің астарында қандай мағына бар екенін түсінеді, бірақ көбінесе оған нақты анықтама беру қиынға соғады. Цифрландыру - қазіргі мектепті дамытудың басым бағыты. Ал, цифрлық трансформация (ағылш. digital transformation) - соңғы бірнеше жыл ішінде көбірек назар аударатын термин.

Цифрлық трансформация — ұйымның негізгі технологиялық процестерді басқару жүйесін оңтайландырумен сүйемелденетін цифрлық технологияларды енгізу процесі. Цифрлық трансформацияның дәрежесін сипаттайтын ұйымның цифрлық дамуының көрсеткіші ұйымның цифрлық жетілу деңгейі болып табылады.

«Экономика жоғары мектебі» ҒЗУ білім беру институтының зерттеушілері А.Ю. Уваров және И.Д. Фруминнің пікірінше, «Білім берудің цифрлық трансформациясы – бұл жоспарланған білім беру нәтижелерін, білім беру мазмұнын, оқу жұмысының әдістері мен ұйымдастыру формаларын жаңарту, сондай-ақ әрбір білім алушының білім беру нәтижелерін түбегейлі жақсарту үшін қарқынды дамып келе жатқан цифрлық ортада қол жеткізілген нәтижелерді бағалау».

Әдетте, білім берудің цифрлық трансформациясы бойынша екі негізгі бағыт бөлінеді: білім беру ұйымдарында цифрлық инфрақұрылымды дамыту және цифрлық алшақтықты жеңу. Проблемаларды шешу бойынша шаралар «Қазақстан Республикасының Білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» белгіленген, онда білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы мен цифрлық инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аударылады.

Цифрлық қоғам жағдайында, оның дамуының негізі цифрлық экономика мен білім болған кезде, дәстүрлі мектептен цифрлық мектепке көшу қажеттілігі айқын болады. «Цифрлық мектеп» ұғымы, ең алдымен, технологиялық құбылыс емес, педагогикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Әрбір білім алушының цифрлық мектептің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оның жеке әлеуетін жан-жақты дамытумен бірге білім берудің әрбір сатысында білім беру даярлығының талап етілетін деңгейіне сөзсіз қол жеткізуі туралы мәселені шешу жолдары ұсынылады. Цифрлық мектепке көшу - білім беруді цифрлық трансформациялаудың (немесе цифрландырудың) нәтижесі. Мектептің цифрлық трансформациясы цифрлық экономикаға көшу жағдайында ұлттық білім беру кеңістігін дамытудың қажетті шарты болып табылады. Дамудың негізгі бағыттары: цифрлық білім беру ортасын құру, білім беру мазмұнын қайта қарау, мектепті және дербестендірілген білім беру процесін басқарудың икемді жүйесін құру, білім беру практикасының, әдістері мен технологияларының жаңа нысандарын енгізу болып табылады.

Цифрлық трансформация (немесе цифрлық мектепке көшу) – бұл білім беру процесінің негізгі компоненттерін жүйелі және синергетикалық жаңарту, соның ішінде: білім беру жұмысының нәтижелері; білім мазмұны; білім беру процесін ұйымдастыру; оның нәтижелерін бағалау.

Цифрлық мектепке көшу (немесе оның цифрлық трансформациясы) цифрлық ортада жүреді, ол арқылы білім беру процесі цифрлық оқу-әдістемелік материалдармен, құралдармен және сервистермен қамтамасыз етіледі.

Қазіргі уақытта зерттеушілер педагогикалық феномен ретінде цифрлық мектептің моделін әзірлейді. Цифрлық (сандық) мектептің төрт аспектісі бөлінеді: білім беру жұмысының нәтижелері, білім беру мазмұны, білім беру үрдісін ұйымдастыру, оның нәтижелерін бағалау.

Цифрлық мектепке көшуде мектептің әкімшілігіне мұғалімдердің, оқушылардың, мектеп әкімшілігі мен ата – аналардың ынтымақтастығы мен өзара іс - қимылы үшін ыңғайлы болатын «цифрлық мектеп» ақпараттық-білім беру ортасын құру міндеті қойылды. «Цифрлық мектеп» терминімен біз заманауи цифрлық жабдықтармен және бағдарламалық қамтамасыз етумен жабдықталған және оның ерекшеліктерін (материалдық-техникалық қамтамасыз ету, мұғалімдер мен басқарушы персоналдың дайындығы) ескере отырып, оны білім беру қызметінде тиімді пайдаланатын жалпы білім беретін мекемені түсінеміз.

Ақпараттық-білім беру ортасы оқушылардың бойында ХХІ ғасырдың құзыреттіліктері мен дағдыларын, атап айтқанда, медиа сауаттылықты, үздіксіз

білім алу қабілетін, командада жұмыс істеуге дайындығын, коммуникативтілік пен кәсіби ұтқырлықты, азаматтық сана мен құқықтық этиканы қалыптастыруға ықпал етуі тиіс. Осы бағыттағы мектепті дамытудың негізгі идеясы басқару, әдістемелік және педагогикалық процеске заманауи цифрлық және желілік интерактивті технологияларды енгізуге негізделген білім беру ұйымының ақпараттық ортасын жүйелі дамыту болуға тиіс.

Білім беруді оқыту мен басқаруда ақпараттық ресурстар мен цифрлық технологияларды кеңінен қолдану есебінен білім беру мекемесінде білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ету, яғни білім алушылардың, педагогикалық және басшы кадрлардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту, олардың деректерді талдау, болашақ мамандыққа арналған цифрлық жобаларды құру құзыреттіліктерін жетілдіру цифрландыру жағдайына сәйкес өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Зерттеудің мақсаты – мектеп жұмысын цифрлық трансформациялау арқылы білім сапасын қамтамасыз етудің ғылыми негізделген ұйымдастыру-педагогикалық шарттарын әзірлеу және ғылыми негіздеу.

Зерттеудің нысаны - Ғани Мұратбаев атындағы гимназияның оқыту үдерісі.

Зерттеудің міндеттері:

1. Мектеп жұмысын цифрлық трансформациялауда қолданыстағы тәсілдерін, технологиялар мен құралдарын айқындау;

2. Білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялаудың ұйымдастыру-педагогикалық шарттарын нақтылау және жүйелеу;

3. Білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялауға оң әсер ететін жаңа технологиялар мен құралдарды анықтау;

4. Қоғамды цифрландыру ерекшеліктеріне негізделген мектеп жұмысы қызметінің барлық түрлерін кешенді цифрландырудың модельдік схемасын әзірлеу;

5. Білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялаудың практикалық тәсілдерін ұсыну;

6. Білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялау үшін қажетті цифрлық білім беру ресурстарының топтамаларын жасау үшін критерийлер мен әдістерін әзірлеу;

7. Білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялауға мектеп әкімшілігін, педагогтарды даярлаудың технологиялары мен әдістерін анықтау, қолдану бойынша ұсыныстар әзірлеу;

8. Білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялаудың ұйымдастыру-педагогикалық шарттарын практикалық сынақтан өткізуді жүзеге асыру.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялаудың ұйымдастыру-педагогикалық шарттары нақтыланып, цифрлық мектепке көшудің қадамдары жасалса, онда ал

мектеп жұмысын цифрлық трансформациялау арқылы білім сапасы жоғарылап, мектептің ақпараттық ортасының жүйелі дамытуға негіз болады.

Зерттеудің жетекші идеясы: ол қазіргі қазақстандық білім беруді стратегиялық дамыту, оны жаңғырту және цифрлық трансформация талаптарына жауап береді.

Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңыздылығы білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялау теориясының және әдістемесінің негізделуімен, білім беруді цифрландыру жағдайында зерттелген теория мен әдістеменің дамуына қосылған үлес болуымен анықталады.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы жалпы білім беретін орта мектепте цифрлық мектепке көшуде қолдануға болады. Зерттеу жұмысында жасалған әдістемені білімнің әртүрлі қадамдарында, мұғалімнің біліктілігін жетілдіру жүйесінде, мектеп іс-тәжірибесінде пайдалануға болады.

Зерттеу әдістері: Мемлекеттік арнайы деректік құжаттарды, заңдарды зерделеу; зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерге, сонымен қатар білім стандарттарына, оқу бағдарламаларына, оқу-әдістемелік құралдарға теориялық талдау жасау; мектеп ұжымын, оқушыларды бақылау, олармен әңгімелесу, сауалнама алу, сабақтарға талдау жасау, озық тәжірибелерді зерттеу, зерттеуде алынған нәтижелердің тиімділігін тексеру мақсатында тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын жүргізу және оның қорытынды мәліметтерін өңдеу.

Зерттеу көздері. Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, Білім беруді ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламалары, білім берудің мемлекеттік стандарты, отандық, шетел және ТМД елдері ғалымдарының зерттеу жұмыстары, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламалары, оқулықтары, оқу құралдары және т.б. құжаттары. Қазақстан Республикасының білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары; Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан Халқына Жолдауы.

Эксперименттік тәжірибенің зерттеу базасы. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, «Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Тәжірибелік алаңның іске асыру кезендері және күтілетін нәтижелер:

Тәжірибелік алаң 2022-2027 жылдар аралығында жүзеге асырылады:

- Теориялық кезең (2022-2023ж.ж.)
- Қалыптастыру кезеңі (2024-2025ж.ж.)
- Қорытынды-тәжірибелік кезеңі (2026 -2027ж.ж.)

Эксперимент дәйектілігін қамтамасыз ететін мониторинг және бақылау құралдары:

Бірінші кезеңнің соңында, екінші кезеңнің ортасында және аяғында, үшінші кезеңнің соңында ағымдық білім сапасына мониторинг жүргізу. Бақылау құралдары: құжаттардың сапасы, алынған нәтижелерді сипаттайтын оқу-әдістемелік өнімдер, оқушылардың жетістіктері, педагогикалық ұжымнан алынатын сауалнама, ата-аналардың бағасы және оқушы білім сапасын көрсететін бақылау құралдары мен білім тренажерлері.

Мұғалімдер мен оқушылардың жеке мәліметтерінің қорғалуын қамтамасыз ету

Мұғалімдер мен оқушылардың жеке мәліметтерінің қорғалуын қамтамасыз ету - заңның басты талабы (ҚР дербес деректер және оларды қорғау туралы Заңы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094>).

Құқықтық тұрғыдан, заңнамалық бекіту дербес мәліметтерді қорғау саласындағы мектеп пен мемлекеттің өзара қарым-қатынасы ақпараттық құқық нормаларына негізделеді және білім беру мекемесі қызметкерлерінің құпия ақпаратты пайдалануының заңдылығын, көзделген қорғау шараларын, еңбек тәртібін, құжаттаманы жүргізу ережелерін сақтауды және дербес мәліметтерді өңдеу ережелерін бұзған жағдайда жауапкершілікті енгізуін көздейді. Бұл ережелерге мыналар кіреді:

- мектептің ұйымдастыру құжаттарында, ішкі еңбек тәртібі қағидаларында, еңбек шарттарында, лауазымдық нұсқаулықтарда құпия ақпаратты қорғау жөніндегі ережелер мен міндеттемелердің болуы;

- құпия ақпаратты жария еткені, құжаттарды рұқсатсыз жойғаны немесе бұрмалағаны үшін құқықтық жауапкершілік туралы ережені тұжырымдау және барлық қызметкерлердің назарына жеткізу;

- жұмысқа қабылданатын адамдарға ақпаратты қорғау жөніндегі міндеттерді орындауға байланысты өздері қабылдайтын шектеулердің еріктілігі туралы ережелерді түсіндіру;

- Оқушылардың жеке мәліметтерін жария етпеу.

Цифрлық мектеп жобасы аясында дербес мәліметтерді қорғалуын қамтамасыз етуде құқықтық тұрғыдан қорғаудың негізгі міндеттері анықталады:

- жеке мәліметтерді қорғау әдістеріне шолу және олардың тиімділігін арттыру шараларын ұсыну;

- құпиялылық режимін орнату;

- ақпаратқа қол жетімділікті шектеу;

- ақпаратты қорғау процесін құқықтық қамтамасыз ету.

Эксперимент дәйектілігін қамтамасыз ететін үлгі штаттық кестесі

Реттік саны	Штаттық бірлік	Бірлік ставка
1	Директордың ақпараттық технологиялар ісі жөніндегі орынбасары	0,5 бірлік
2	Ғылыми жетекші	1 бірлік

3	Қосымша білім беру педагогы	2 бірлік
4	Бағдарламашы	1 бірлік

Тәжірибелік алаң іске қосылғаннан күтілетін нәтижелер

- заманауи икемді дағдыларды меңгеруге деген таным мен сенімділігі артады.

- «E-mekter» платформасын әзірлеу, мақсаты мен міндеттерін бекіту.

- «E-mekter» платформасын жетілдіру және тәжірибелік қолданысқа енгізу.

- тәрбие беру бағытында ізгілік, шеберлік, икемділік қабілеттері қалыптасады.

- оқушының шынайы қызығушылығы мен шығармашылық ізденісі дамиды.

Тәжірибелік алаң жұмысының басым бағыттары:

Жұмыс ретінің деңгейі	Басымдықтар	Сипаттама
Басқару мен бақылау	1. Тәуелсіз әкімшілік бақылау	Әр жартыжылдық сайын 3-тен 10-сыныпқа дейінгі білім алушылардан алынатын бақылау процесін цифрландыру
	2. Оқушылардың деректері	Басқарушылық шешімдерді қолдау жүйесі, білім алушылардың оқу табыстылығын болжау, дербестендірілген ұсынымдар ретінде білім беру процесінің нәтижелілігіне көп деңгейлі мониторинг жасау.
	3. Сабаққа қатысу	Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау жүйесі
	4. SMART-портфолио	Педагогтердің кәсіби дамуы мен жетістіктерін жинақтайтын және сандық мүмкіндіктерді пайдалану арқылы кәсіби өсуіне ықпал ететін жоба
	5. Электрондық оқыту	Оқыту мазмұнын (контент) мультимедиалық технологиялар арқылы басқару.
	6. Инклюзивті білім беру	Инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелерін цифрландыру.
Оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық потенциалын дамыту	1. Виртуалды зертханалар	Заманауи электронды жаттықтырғыштар мен симуляторларлардың бірегей топтамасы физика, химия, биология, математика және география пәндерін қызықты өткізуге көмектеседі. Виртуалды зертхана симуляторлары – күрделі ғылыми құбылыстар мен заңдылықтарды түсіндіруде оңтайлы көмекші.
	2. Сыныптар портфолиосы	Сыныптағы білім алушылардың жетістіктері мен үлгеріміне байланысты сынып аралық рейтингісін анықтау.
	3. Онлайн-тест	ҰБТ-ға дайындық үшін барлық пәндер бойынша онлайн-тест тапсырмалары.
	4. Кәсіптік бағдар беру	Гимназия оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстары бойынша орта және жоғары оқу

		орындарындағы мамандықтардың деректер қорын жасау.
	5. Желілік (оқу) жоба	Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, жалпы проблемамен жұмыс істейтін екі және одан да көп аумақтық бөлінген жобалық топтардың қатысуымен жүзеге асырылатын жоба.
Мектептің күнделікті өмірі	1. Виртуалды газет	"Виртуалды газет" бағдарламасы оқушыларға білім беру жүйесінде ақпараттық компьютерлік технологияларды пайдаланып, зерделеу.
	2. Виртуалды гимназия	Гимназияда 360° саяхат жасау, музейдегі құндылықтардың 3D моделін, яғни музейлік заттардың цифрлық көшірмесін жасау.
	3. Интеллектуалды байқаулар	Гимназиядағы іс-шаралар мен байқауларды мультимедиялық технологиялар арқылы цифрландыру.
	4. Тренингтер	Дағдыларға арналған, психотерапевтикалық, рухани дамыту, сауықтыру және дамыту тренингтерін цифрландыру.
Күнделікті кері байланыс	1. Сауалнамалар	Психологиялық, әлеуметтік, білім сапасы, ата-аналарға арналған сұрақтар жиынтығы
	2. Чат-бот	Қашықтықтан оқыту процесінде білім алушымен жедел мазмұнды кері байланыс.
	3. Мобильді қосымша	Android және IOS платформаларында жариялау.

Теориялық кезең 2022-2023ж.ж.

Мақсаты: Отандық, шетелдік білім беру ұйымдарының тәжірибелерін зерттеу және материалдар жинақтау, мектептегі оқыту тәжірибесінің жай күйін, жетістіктері мен қайшылықтарды саралау, цифрлық мектепті ұйымдасрудың моделін әзірлеу, озық іс-тәжірибені тарату, ғылыми зерттеу мақалаларын жариялау.

Міндеттері:

- Отандық және шетелдік білім беру ұйымдарының тәжірибелері зерттеліп, материалдар жинастырылады;
- Цифрлық мектепті ұйымдасрудың моделі әзірленеді;
- Зерттеу тақырыбы бойынша Білім мазмұнын жанарту жағдайында цифрлық мектептің теориялық әдіснамасы мен тұжырымдамасы әзірленеді;
- Цифрлық кеңістікте жұмыс жасай алатын педагогтардың цифрлық құзыреттерінің моделі нақтыланады;
- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетімен бірігіп білім беру процесінің сапасын арттыру үшін цифрлық білім беру ортасының мүмкіндіктерін пайдалану бойынша білім беру жүйесіне арналған семинарлар мен озық іс-тәжірибе тарату.
- Ғылыми зерттеу мақалаларын жариялау.

Күтілетін нәтиже: Зерттеудің әдіснамасы мен тұжырымдамасы әзірленеді. Отандық, шетелдік мектептерінің ұйымдастыру тәжірибесі зерттеледі. Мектеп жұмысын цифрлық трансформациялауда қолданыстағы тәсілдердің, технологиялар мен құралдардың сипаттамасы жасалып, цифрлық мектепті ұйымдасрудың моделі әзірленеді, сондай-ақ білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялаудың жүйеленген ұйымдастыру-педагогикалық шарттары нақтыланады.

Нысаналы индикаторлар:

Индикатор	2022	2025	2027
педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы біліктілігі жоғары педагог қызметкерлердің үлесі	75%	80%	85%
мектеп оқушыларының білім сапасының көрсеткіші	70%	75%	80 %
жаратылыстану-математика пәндері бойынша білім беру оқу бағдарламаларын жетік меңгерген оқушылардың үлесі	75%	79%	82%
Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша білім беру оқу бағдарламаларын жетік меңгерген оқушылардың үлесі	85%	88%	90%
инклюзивті білім беруге көшу	100%	100%	100%
ҰБТ нәтижелері бойынша орташа балл	89	95	110
оқушылардың жалпы санынан аудандық пәндік олимпиадаға қатысу үлесі	5 %	7 %	9 %
аудандық пәндік олимпиадаға қатысқан оқушылардың жалпы үлесінен облыстық олимпиадаға қатысу үлесі	50 %	60 %	70 %
облыстық пәндік олимпиадаға қатысқан оқушылардың жалпы үлесінен республикалық олимпиадаға қатысу үлесі	0 %	25 %	50 %
10-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық пәндерді үш тілде оқытуға көшу - 100%;	50%	100 %	100 %
Қосымша біліммен қамтылған мектеп оқушыларының үлесі, оның ішінде	85 %	90 %	95 %

Міндеттерге қол жеткізу мынадай көрсеткіштермен өлшенетін болады:

Көрсеткіш	2022	2025	2027	Орындаушылар
оқытуда АКТ-ны пайдалану бойынша біліктілігін арттырудан өткен педагогтердің үлесі, олардың жалпы санына шаққанда	78%	90%	100%	мектеп әкімшілігі
1 компьютерге келетін оқушылардың саны	10	7	5	мектеп әкімшілігі
жаңа модификациялы	50%	75%	85 %	мектеп әкімшілігі

кабинеттері (биология, лингафондық кабинеттер) бар				
бейнебақылау (ішкі және сыртқы)	100%	100%	100%	мектеп әкімшілігі
турникетпен қамтамасыз ету	100%	100%	100%	мектеп әкімшілігі

Теориялық кезеңнің жұмыс жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Болжамдалған нәтиже
1	Теориялық кезеңнің жоспарын талықлап, бекіту	Тамыз	ДО	Жоспар
2	Отандық және шетелдік білім беру ұйымдарының тәжірибелері зерттеліп, материалдар жинастыру	Қыркүйек	ДО, қосымша білім беру педагогтары	Ақпараттық жинақ банкы
3	Цифрлық мектепті ұйымдасрудың моделі әзірлеу	Қыркүйек	ДО, қосымша білім беру педагогтары	Әдістемелік қор
4	Зерттеу тақырыбы бойынша Білім мазмұнын жаңарту жағдайында цифрлық мектептің теориялық әдіснамасы мен тұжырымдамасы әзірлеу	Қазан	ДО, қосымша білім беру педагогтары	Әдістемелік қор
5	Цифрлық кеңістікте жұмыс жасай алатын педагогтардың цифрлық құзыреттерінің моделі нақтылау	Қараша	ДО, қосымша білім беру педагогтары	Әдістемелік қор
6	Онлайн автоматтандырылған тәуелсіз бақылау жүйесі	Қараша	ДО, қосымша білім беру педагогтары	Әдістемелік қор
7	Онлайн форматындағы дебат ойындары	Қараша	ДО, қосымша білім беру педагогтары	Әдістемелік қор
8	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетімен бірігіп білім беру процесінің сапасын арттыру үшін цифрлық білім беру ортасының мүмкіндіктерін пайдалану бойынша орта білім беру жүйесіне арналған семинарлар мен озық іс-тәжірибемен бөлісуді ұйымдастыру	Желтоқсан	ДО, қосымша білім беру педагогтары	Әдістемелік қор
9	Білім беру процесінің сапасын арттыру үшін	Қаңтар	ДО, қосымша білім беру	Әдістемелік қор

	цифрлық білім беру ортасының мүмкіндіктерін пайдалану бойынша семинар өткізу		педагогтары	
10	Цифрлық кеңістікте жұмыс жасай алатын педагогтардың цифрлық құзыреттерінің моделі нақтылау	Ақпан	ДО, қосымша білім беру педагогтары	Әдістемелік қор
11	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетімен бірігіп білім беру процесінің сапасын арттыру үшін цифрлық білім беру ортасының мүмкіндіктерін пайдалану бойынша орта білім беру жүйесіне арналған семинарлар мен озық іс-тәжірибемен бөлісуді ұйымдастыру	Наурыз	ДО, қосымша білім беру педагогтары	Әдістемелік қор
12	Білім беру процесінің сапасын арттыру үшін цифрлық білім беру ортасының мүмкіндіктерін пайдалану бойынша семинар өткізу	Сәуір	ДО, қосымша білім беру педагогтары	Әдістемелік қор
13	Теориялық кезеңді қорытындылау	Мамыр	ДО, қосымша білім беру педагогтары	Әдістемелік қор

Тәжірибелік кезең 2024-2026 ж.ж.

Мақсаты: Гимназия жағдайында білім мазмұнын жаңарту жағдайында цифрлық мектептің теориялық әдіснамасы мен тұжырымдамасын, педагогикалық тәжірибе бағдарламасын оқу процесіне енгізу, цифрлық трансформация бойынша мектепшілік жобаларды енгізудегі білім сапасының динамикасын бақылау, білім сапасының көтерілуіне және төмендеуіне әсер еткен тәжірибелерді сараптау, озық іс-тәжірибелерді таратауды ұйымдастыру, авторлық бағдарламалар, монографиялар мен ғылыми зерттеу мақалаларын жариялау.

Міндеттері: мектептің басқару жүйесінде;

- мектепшілік бақылау формаларында;
- білім беру үдерісінде, білім беру мазмұнында;
- мектепшілік қосымша білім беру жүйесінде;
- білім беру үдерісінде қатысушы субъектілер арасында: мектеп әкімшілігі мен педагог, педагог пен оқушы, мектеп пен ата-ана қарым-қатынасында.

- тәжірибеге енгізу бойынша қолданушыларға арналған әдістемелік нұсқаулық дайындалады;

- Білім беру процесінің сапасын арттыру үшін цифрлық білім беру ортасының мүмкіндіктерін пайдалану бойынша орта білім беру жүйесіне арналған семинарлар мен озық іс-тәжірибелермен бөлісу.

- Білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайындағы мектептің оқу-әрекетін ұйымдастыру тақырыбында ЖОО орындарының әдіскерлері мен орта білім беру өкілдерімен семинарлар және тағылымдамалар өткізіледі.

- зерттеу нәтижелері бойынша әлеуметтік желілерге посттар, хабарламалар жарияланады;

- тәжірибеге енгізу қорытындылары бойынша мақалалар жарияланады.

Күтілетін нәтиже: Білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялауға оң әсер ететін жаңа технологиялар мен құралдардың сипаттамасы ұсынылады. Қоғамды цифрландыру ерекшеліктеріне негізделген мектеп жұмысы қызметінің барлық түрлерін кешенді цифрландырудың модельдік схемасы жасалады. Білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялаудың практикалық тәсілдері айқындалады; мектеп жұмысын цифрлық трансформациялау үшін қажетті цифрлық білім беру ресурстарының топтамаларын жасау үшін критерийлер мен әдістері ұсынылады.

Тәжірибелік кезеңнің жұмыс жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Болжамдалған нәтиже
1	Тәжірибелік кезеңнің жоспарын педагогикалық кеңесінде бекіту	Қыркүйек	ДО	Жоспар
2	Қолданушыларға арналған әдістемелік нұсқаулық дайындау	Қазан	ДО, қосымша білім беру педагогтары	Тәжірибе алмасу
3	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетімен бірігіп білім беру процесінің сапасын арттыру үшін цифрлық білім беру ортасының мүмкіндіктерін пайдалану бойынша орта білім беру жүйесіне арналған семинарлар мен озық іс-тәжірибе таратуды ұйымдастыру	Қараша	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, ДО, қосымша білім беру педагогтары	Тәжірибе алмасу
4	Білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайындағы мектептің	Желтоқсан	ДО, қосымша білім беру педагогтары	Тәжірибе алмасу

	оқу-әрекетін ұйымдастыру тақырыбында ЖОО орындарының әдіскерлері мен орта білім беру өкілдерімен семинарлар және тағылымдамалар өткізіу			
5	Зерттеу нәтижелері бойынша әлеуметтік желілерге посттар, хабарламалар жариялау	Қаңтар	ДО, қосымша білім беру педагогтары	Тәжірибе алмасу
9	Теориялық кезеңді қорытындылау	Мамыр	ДО, қосымша білім беру педагогтары	

Қорытынды кезеңі 2027 жыл

Мақсаты: «Мектеп жұмысын цифрлық трансформациялау арқылы білім сапасын қамтамасыз етудің ғылыми негізделген ұйымдастыру-педагогикалық шарттары» атты әдістемелік нұсқаулық шығару.

Міндеттері:

- «Цифрлық мектептің цифрлық моделі, мектепті басқарудың цифрлық моделі, мектепшілік қосымша білім берудің цифрлық моделі, білім беру үдерісіне қатысушы субъектілері арасындағы қарым-қатынастың цифрлық моделі жасалады;

